

Білекті бірді жығады - білімді мыңды жығады

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

1 маусым
Балаларды қорғау күні

*Бақытты балта —
жағұрын болашақ!*





БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 5 (215), 2026
Мамыр
Май

2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издаётся с января-февраля 2006
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. Жетпіс	
Курбанов Камилжан Касимович: Жизненный путь офицера и наставника.....	3
Ж. Жаркынбек	
Білім беру жүйесіндегі педагогикалық құзыреттіліктің рөлі	7
А. Қайдарова	
Педагогикалық білім беру жөніндегі өз еліміздегі және шетелдік тәжірибелер	11
О. Жакупов	
География сабағында практикалық тапсырмалар арқылы ақпаратты есте сақтауды дамыту	16
А. Чэньян, С. Цзин, Ч. Яцянь	
Қытай студенттердің цифрлық тайм-менеджмент құралдарын қолдануы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кейсі.....	21
Е. Дайрабай	
Кітапхана және оқырман: жаңа мүмкіндіктер көкжиегі	24
Б. Ишмухамбетова	
Коммуникативтік міндеттер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту	27
Қ. Исмагулова	
Оқушылардың жаңа мектепке бейімделуі процесін ұйымдастыру кезеңдері.....	30
Ж. Назарова	
Зерттеу-жобалық әдіс арқылы оқушылардың шығармашылығын арттыру.....	33
Д. Нурмуқанова, К. Кусаинова	
Цифровая платформа как способ развития навыка написания эссе-рассуждения	39
А. Даулетбақова	
Встреча в литературном кафе «Родина», посвященный творчеству С.А. Есенина.....	41
С. Еркашова	
Физикалық шама. Шамаларды өлшеу	43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
30.05.2026 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел:
8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Сайт:

pedagogltd.kz

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Б. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекенжайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»
Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информаций РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 30.05.2026 г.
Печать цифровая.
Заказ 322.


Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:
050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru
Сайт: pedagogltd.kz


Журнал напечатан в типографии
«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Курбанов Камилжан Касимович: Жизненный путь офицера и наставника

В жизни каждого человека есть путь, который определяется не только профессией, но и внутренними принципами, верностью своему долгу и отношением к людям. Именно таким человеком является подполковник Курбанов Камилжан Касимович – офицер, посвятивший многие годы служению Вооружённым Силам Республики Казахстан.

Его биография – это история человека, который сумел сохранить офицерскую честь, ответственность и преданность своему делу. За плечами Камилжана Касимовича долгие годы службы, многочисленные должности, работа с личным составом, воспитание молодых военнослужащих и значительный вклад в укрепление морального духа армии.

50-летний юбилей – важная дата, позволяющая с гордостью оглянуться на пройденный жизненный путь, наполненный трудом, службой, семейными ценностями и уважением окружающих.

Курбанов Камилжан Касимович родился 4 июня 1976 года в селе Тигермень Уйгурского района Алматинской области.

Детские и юношеские годы прошли в атмосфере уважения к труду, старшим и семейным традициям. С раннего возраста он отличался спокойным характером, ответственностью и



стремлением добиваться поставленных целей. Жизнь в сельской местности воспитала в нём выносливость, трудолюбие и умение преодолевать трудности.

Уже в молодые годы проявлялись качества, которые впоследствии помогли ему стать настоящим офицером: дисциплинированность, чувство долга, уважительное отношение к людям и стремление приносить пользу обществу.

Семья и жизненные традиции сыграли важную роль в формировании его характера и мировоззрения.



После окончания школы Камилжан Касимович поступил в Казахский Государственный аграрный университет, который успешно окончил в 1998 году по специальности «охотоведение и звероводство».

Период обучения стал важным этапом в его жизни. Университетские годы дали ему не только профессиональные знания, но и научили самостоятельности, ответственности и умению работать в коллективе.

Однако, главным выбором в жизни стала военная служба. Желание служить Родине, быть полезным государству и работать на благо общества привело его в ряды Вооружённых Сил Республики Казахстан.

Стремясь к профессиональному росту и совершенствованию своих знаний, позднее он окончил Национальный университет обороны Республики Казахстан по специальности «управление воспитательными и социально-правовыми процессами». Полученное образование стало прочной основой для дальнейшей службы и работы в сфере воспитательной и идеологической деятельности.

Военную службу Камилжан Касимович начал в июле 1998 года. С первых дней он зарекомендовал себя как дисциплинированный, грамотный и исполнительный офицер. Свою службу он начал в должности командира учебного мотострелкового взвода. Работа с молодыми солдатами требовала выдержки, терпения, умения обучать и быть примером для подчинённых.

Именно в этот период формировались его лидерские качества и офицерский характер. Позже он был назначен заместителем командира зенитной ракетной батареи – начальником радиолокационной станции. Эта должность требовала высокой ответственности, технической подготовки и способности принимать решения в сложных условиях. Служба в горно-егерских подразделениях также стала важным этапом его профессионального пути. Она требовала физической подготовки, стойкости характера и умения действовать в непростых условиях.

После временного увольнения из рядов Вооружённых Сил Республики Казахстан Камилжан Касимович вновь вернулся на службу в 2002 году. Это решение стало подтверждением того, что военная служба является его настоящим призванием. В дальнейшем его деятельность была тесно связана с воспитательной, социально-правовой и идеологической работой. Он занимал различные ответственные должности, работал с личным составом, занимался укреплением дисциплины и морального состояния военнослужащих. На разных этапах службы он проявлял себя как грамотный руководитель, способный находить подход к людям, поддерживать порядок и создавать сплочённый коллектив. Сослуживцы и руководство всегда отмечали его профессионализм, ответственность и уважительное отношение к подчинённым.

Особое место в служебной биогра-



фии Камилжана Касимовича занимает воспитательная и идеологическая работа в Вооружённых Силах Республики Казахстан. На протяжении многих лет он занимался важной задачей – воспитанием военнослужащих, укреплением морального духа армии, развитием патриотизма и поддержанием высокой воинской дисциплины. Работа офицера воспитательной структуры требует не только профессиональных знаний, но и жизненной мудрости, умения понимать людей и поддерживать их в сложных ситуациях. Камилжан Касимович всегда отличался справедливостью, требовательностью и внимательным отношением к личному составу. Благодаря этим качествам он заслужил уважение коллег и авторитет среди военнослужащих.

Стремление к постоянному развитию и повышению профессионального уровня стало одной из важных черт Камилжана Касимовича. Обучение в Национальном университете обороны Республики Казахстан стало значимой ступенью в его карьере. Во время обучения он получил современные знания в области управления воспитательными и социально-правовыми процессами, а также укрепил свои управленческие навыки. Полученные знания и опыт он успешно применял в дальнейшей службе, занимая ответственные должности в различных воинских частях страны.

С 2016 года Камилжан Касимович проходил службу в должности заместителя командира части по воспи-

тательной и идеологической работе – начальника отдела воспитательной и идеологической работы войсковой части 55078. На этой должности он проводил большую работу по укреплению морального духа военнослужащих, развитию патриотического воспитания и поддержанию высокой дисциплины среди личного состава. Его многолетний опыт, профессиональные качества и умение работать с людьми позволили ему стать авторитетным офицером и мудрым наставником для молодых военнослужащих.

С 2024 года Камилжан Касимович продолжил свою профессиональную деятельность в сфере образования, занимаясь преподавательской работой





со студентами военной кафедры АЛТ Университета им. М. Тынышпаева. Благодаря своему богатому жизненному и служебному опыту он сумел быстро заслужить уважение среди студентов и коллег. За время преподавательской деятельности он зарекомендовал себя исключительно с положительной стороны как грамотный специалист, дисциплинированный офицер и наставник, умеющий доступно передавать знания и воспитывать у молодого поколения чувство ответственности, патриотизма и уважения к воинской службе. Студенты отмечают его справедливость, требовательность и внимательное отношение, а также способность делиться не только теоретическими знаниями, но и практическим опытом, накопленным за долгие годы службы в Вооружённых Силах Республики Казахстан.

За многолетнюю добросовестную службу Камилжан Касимович был награждён шестью медалями, включая юбилейные награды и медали за выслугу лет. Эти награды являются подтверждением его профессионализма, верности воинскому долгу и значительного вклада в развитие Вооружённых Сил Республики Казахстан. Но главной оценкой его труда всегда оставались уважение сослуживцев, доверие командования и благодарность людей, с которыми ему довелось служить.

Несмотря на серьёзную и ответственную службу, Камилжан Касимович всегда уделял большое внима-

ние семье. Он является заботливым супругом и любящим отцом четверых детей. Семья всегда была для него источником поддержки, вдохновения и жизненных сил. Вместе с супругой они воспитали детей в атмосфере уважения, честности, трудолюбия и ответственности. Именно семейные ценности помогали ему сохранять внутреннюю стойкость и уверенность на протяжении всей службы.

Жизненный путь Курбанова Камилжана Касимовича — это пример преданности Родине, офицерской чести, ответственности и многолетнего добросовестного труда. За годы службы он прошёл путь от молодого офицера до опытного подполковника, внёс значительный вклад в воспитательную и идеологическую работу Вооружённых Сил Республики Казахстан и заслужил уважение коллег, подчинённых и командования. 50-летний юбилей — это важный рубеж, который символизирует богатый жизненный опыт, профессиональные достижения и уважение окружающих. Пусть впереди его ждут крепкое здоровье, благополучие, счастье, поддержка близких и ещё долгие годы мирной, достойной и счастливой жизни.

Нұрлан Ержанұлы ЖЕТПІС,
студент взвода «БПОП-21»
Института военного дела
АО «АЛТ Университет имени
Мухамеджана Тынышпаева»
г. Алматы



Білім беру жүйесіндегі педагогикалық құзыреттіліктің рөлі

Педагогикалық құзыреттілік – педагогтің бойындағы теориялық білімді, практикалық дағдыларды және жеке қасиеттерді оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдана білу қабілеті. Бұл мұғалімнің мақсатты түрде педагогикалық міндеттерді шешуге және оң нәтижеге қол жеткізуге дайындығын сипаттайды.

Педагогикалық құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б.);

- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

- оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, тандай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

- әлеуметтік-еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзіреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымының арнайы әлеуметтік білім беру құзіреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзіреттілігіне байланысты болады.

Кәсіби деңгейдің дамуы. Психологтар да, педагогтар да адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтар А. Дистер-



верг, К. Ушинский, А. Макаренко, В. Сухомлинский, т.б., мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік - кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А. Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

Объективті критерийлер. Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әр түрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б., жататындығын атап өтеді.

Субъективті критерийлер. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субъективті критерийлерге кәсіби-педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

Нәтижелі критерийлер. Мұғалім өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым-қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты

назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

Шығармашылық критерийлер. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А. Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі: мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша, ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер-мұғалімнің, жаңашыл-мұғалімнің, зерттеуші-мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік — педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім — оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-



мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жана технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Қазақ мектебі. Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертені, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты — жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат — өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.

Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде.

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс-тісілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетеуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әр түрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет.

Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Педагогикадағы жасанды зерде технологияларын меңгерген;
- Білімді, іскер, шебер болу керек.



Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білу керек.

Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан адамның тән-дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді.

Ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін, ата-анамен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын, бала тәрбиесіне әсер ететін жанұяның мақсатты адамгершілік бағыттарын, баланың жанұядағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін, ата-ананың тәрбие құралдарын, тәсілдерін, әдістерін пайдалана алу қабілеттерін, баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады.

Ата-ана арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал

мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Бәрімізге белгілі, біздің қоғам аса күрделі жағдайларды бастан кешірді. Өтпелі кезеңге тән өмірдің ауыртпалықтарын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ адам қандай жағдайда да өзінің биік адамгершілік сипаттарын, кісілік қасиеттерін сақтап қалуға тиіс. Тәрбиенің осы жақтарын қазақ жастарының санасына кішкентайынан терең енгізу қажет. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, азаматтыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ойын айқындау басты міндет екендігі айтылған. Олай болса, қоғам болашағы – жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құру қажет. Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер», - деген Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі – тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе



білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде, сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты оқушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік норма-

ларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

**Жанат Тиыштықбекқызы
ЖАРҚЫНБЕК,
№207 «Жанатұрмыс» орта мектебінің
оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Шиелі ауданы,
Қызылорда облысы**



Педагогикалық білім беру жөніндегі өз еліміздегі және шетелдік тәжірибелер

Білім беру — қоғамның зияткерлік, мәдени, рухани жағдайын қалыптастыратын әлеуметтік өмірдің маңызды саласы. Қазіргі қоғам дамуында әлемдік нарыққа төтеп беретін ұстанымдар мен қамтамасыз етуде білім беру басымдық рөл туралы идея жоғары дамыған елдердің білім беру саясатында жетекші бола бастады.

Англиядағы жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістер жүруде. Бәрінен бұрын кәсіби-педагогикалық мұғалімдер даярлаудың негізгі мақсаты: кәсібилік пен біліктілікті меңгерген, тәжірибеге оңтайлы, педагог-зерттеуші дайындау сияқты жаңаша естіле бастады.

Осыған байланысты Ұлыбританияда педагогикалық білім беру мазмұны қайта қаралып, жаңа оқу жоспарлары жасалып, психологиялық-педагогикалық пәндер циклі бойынша бағдарламаларға түзетулер енгізуде.

Бұл елде жоғары педагогикалық білім беретін мекемелерде өзіндік оқу жоспарлары қайта қараудан өтіп және оқы-

ту үрдісіне қатаңырақ тәсілдер қарастырылғандығына сай мемлекеттік оқу жоспарлары жасалды. Педагогикалық білім беру мемлекеттік оқу жоспары негізгі оқу сатыларына сай құрылған. Оның мемлекеттік және мемлекеттік емес белгілері бар. Біріншісіне жататындар: ағылшын тілі, математика сықылды «орнықты» пәндер, жаратылысты-ғылыми циклды пәндер, технология; негізгі пәндер — тарих, география, саз өнері, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, орта мектеп оқушыларына арналған қазіргі шетел тілдері.

Жалпы мәдени бөлік барлық оқыту үрдісінің гуманитарлық бағытын қамтамасыз етуге арналған және кәсіби бағдар негіздері мен экологиялық, медициналық, азаматтық, кәсіби білім беруге жауап беретін негізгі оқу жоспарларының барлық талаптарынан тұратын дүниетанымдық сипатта.

Англияда жоғары маманданған мұғалімдерге «мұғалім-шебер» деген лауазым енгізуді ұсынуда. Мұндай лауазымға психологиялық-педагогикалық және пәндік ғылымды терең игерген, шығар-



машылық қабілеттері жетілген мұғалімдер лайық. Өйткені, педагог мамандарды даярлау ісіне мұғалім-шеберлерді көбірек тартып, оларды жоғары білім беру мекемелері оқытушылар ұжымына қабылдауға болады.

Г.А. Андреева айтқандай, батыс елдеріндегі жаппай компьютерлендіру мұғалімдер даярлауда компьютер, интерактивті тақта, т.с.с. техникалық ақпарат көздеріне басымдық беріле бастады. Ақпарат көздерінің алуан түрлілігі ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне керекті мәліметтерді шұғыл да тез тауып, сабағына қолдануға, сондай-ақ өз білімін көтеруге тиімді пайдалануына мүмкіндік беруде. «Ақпараттық және байланыс технологиялары мұғалімдерді қай жерде пайдалану қажеттігі мен пайдаланбауды түсіндіру, дағдыландыруға қамтамасыз етуші болып табылады. Жаңа технологияларды қолдану мұғалімнің кәсіби деңгейінің өсуіне ынталандырып, жалпы білімдік қорын кеңейтеді, психологиялық-педагогикалық және пәндік біліктілігін көтеру» мәселелерімен жұмысты оқытудың басты мақсаты да болмақ.

Германияда арнайы мұғалім мамандығы:

- оқытушылық;
- тәрбие;
- болжау, бағалау, кеңес беру;
- білім көтеріп отыру сияқты компоненттерді құрайды.

Германиядағы педагогикалық білім беру бағдарламасы тұтас алғанда, тек қана оқытушы емес, өз әрекетін бағалай, жоспарлай білетін; оқушыны бақылаудың сарапшыл әдістемелік құралдарын меңгерген, жеке және ұйымдық кәсіби мәселелерді шешуге қабілетті мұғалім даярлау ойластырылған. Педагогика-

лық жоғары оқу орындарында емтихан тапсыру тәртібі Германияда мемлекеттік жолмен реттелген. Осыған сай, әр облыста болашақ мұғалімдерге педагогикалық ғылымды оқып-үйрену бағдарламалары мен мазмұнына қатысты мемлекеттік бұйрық күшінде жүзеге асады. Педагогикалық білімді оқып-үйрену бағдарламасы «**тәрбие және білім**» бөлімінен басталады. Студенттер бұл бөлімді үйрену арқылы педагогиканың жалпы негіздерімен танысуы тиіс. Екінші бөлім «**оқыту мен дамуға**» арналған. Бұл сала болашақ мұғалімдердің оқушыларды түсіндіріп кеңес беру мен бағалауға, байқампаздық әдістемелік бақылау қабілеттілігін қалыптастыратын педагогикалық психологияны қарастырады. Үшінші бөлімде «**тәрбиенің қоғамдық алғы шарттары**» сөз болады. Сондай-ақ, мұның тәрбие мен білімге әсері бар, көпмәденилік, көші-қон, гендерлік аспектілері сияқты тарихи және әлеуметтік факторлары қарастырылады. Төртінші бөлім «**білім беру институттарына**» арналған. Ақырында, бесіншісі «**жалпы дидактика мен оқытушылық**» — болашақ мұғалімнің өз бетінше оқу үрдісін ұйымдастыруы мен талдауы, үлгерім бағалары мен қолдауын қалыптастыратын мұғалім әрекеті саласын, яғни, мектеп ісін талдау мен бақылауға теориялық негіздеме жасайды.

Англия мен Германия мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын талдай келе, қазақстандық педагогикалық білім беру жүйесінен айырмашылықтары: Англия мен АҚШ-тың оқу жоспарларында, даярлықтың тәжірибелік басымдылығында (педагогикалық практиканың көлемі тұтас алғанда үш есе көп), теориялық және практикалық оқыту жүктемелерінің бөлінуінде деп негізгі



айырмасын айтуға болады. Ал, педагогикалық-психологиялық талапқа арнайы даярлық мазмұнына екі жарым есе көп уақыт бөлінген.

Келесі ерекшелік Батыс Еуропа мен АҚШ-тың қазіргі білім беру жүйесіндегі олардың гуманитарлық бағыттылығында көрініс береді. XX ғасырдың аяғында педагогикалық қызметтің әдістерімен және оның мазмұнымен қамтамасыз ететін, білім берудің гуманизміне айналған оқу орнының тиімділік өлшемдері мен ұстанымдарының негізін қалаушы Б. Рассел мен А. Эйнштейннің идеялары іске асты. Бірақ, басты нәтиже қоғамның жоғары құндылығы ретінде оқыған тұлғаға басымдылық берілуімен қарастырылды.

Бұдан әрі біз қазақстандық жоғары педагогикалық білім беру жүйесі тәжірибесіне шеттен алып жетілдіру мен модернизациялаудың тартымды жақтарын енгізуде көңіл бөлсек. Маман даярлаудың арнайы (оқу пәні бойынша) және психологиялық-педагогикалық компоненттерінің бір-бірімен тең болуы мәселелері ғылымның, техниканың, мәдениеттің жетістіктері көрініс беретін жаңа курстар ендірумен; гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының кең саласындағы іргелі білімге бағдар алған және ортақ талапқа негізделген бағдарламалар жасау арқылы шешілген еді. Білім беру жүйесі келісіліп, децентрацияланғандықтан да АҚШ-та, Англияда, Германияда мұғалімдер даярлаудың құрылымы, көлемі, мазмұны бірдей емес. Әрбір педагогикалық оқу орны белгілі нұсқау талаптарына сүйенгенімен, өздерінің білім беру бағдарламаларын құрастырады. Қазақстанда да жаңа буынға білім беру стандартын ендіру тәжірибесі өзіндік да-

муға ықпал етті.

Таңдау пәндері бойынша оқу курстарын ендіру жүйесі батыс тәжірибесінде кең тараған.

Мысалы, Лондонның педагогика институты ағылшын тілі, тарих, география, драма өнері, бұқаралық ақпарат құралдары, саясаттану, әлеуметтік ғылымдар, математика, математика және IT, шетел тілдері, дизайн және өнер, бизнес және экономика, имандылық тәрбиесінен таңдау бойынша бағдарламалар ұсынады. Элективті курстар ішінен кәдімгі француз мектептері шетел тілдері мен белгілі елдердің мәдениеті, аймақтық тілдер мен мәдениет, мектепке дейінгі тәрбие жүйесі және басқа да пәндерді оқытудан ерекшелік танытады. Яғни, өзіндік білім көтеру мен шеберлікті жетілдіруді қамтамасыз ететін пәндердің желісі үзілмейді.

Сондықтан, өзіндік тәртіпке келтірілген («Педагогика негіздері», «Жалпы педагогика», «Білім мен тәрбие философиясы», «Тәрбие теориясы», т.с.с. түрлі атаулармен берілген) шетелдің тәжірибелерін қарастырасақ.

Оның мазмұнында бізге таныс білім беру мен тәрбиелеудің әдістері мен қағидалары, оқу үрдісінің негіздері, ондағы мұғалімнің рөлі сияқты бөлімдердің бәрі қамтылған, алайда олар философиялық-педагогикалық және тарихи-педагогикалық аспектілерде терең қарастырылған.

Жалпыға мәлім, кәсіби мұғалімдер даярлауда психология жетекші пән болып есептеледі. Дегенмен, біздің педагогикалық білімнен айырмашылығы, маман даярлаудың психологиялық сапасына баса көңіл бөлетіндігінде. Жалпы, жас ерекшелік және педагогикалық



психология түгел оқылады. Жасөспірім мен баланың психофизиологиялық және жас ерекшеліктеріне сай, дамудың «уытты» мәселелеріне көңіл бөлуге аса маңыз беріледі. Соңғы жылдары психологияны оқытуда педагогикалық психологияға ықылас көбірек. Мектептің бейімділіктері мен кіріктірмелілігі, сондай-ақ дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқытуға қатысты мәселелерін психология курсы оқыту арқылы қазіргі мектептердің практикалық қажеттілігіне психологияны жақындатуға ұмтылыс бар.

Біздің педагогикалық білім беру жүйемізге мектеп бейімділігі мен кіріктірмелілігі, шеттен келген түрлі ұлттар мен ұлыстардың, қандастардың балаларын оқыту мәселелерін бағдарлама мазмұнына ендіруде басқа елдердің тәжірибесіне сүйену өзекті болмақ. Қазақстан саяси да экономикалық тұрақтылық аясында тұрған ел болғандықтан, болашақ мұғалімдерді сырттан келгендер мен босқындардың, қандастардың балаларын оқыту мен әлеуметтендіруді ұйымдастыруға даярлау қажеттігі тууы мүмкін.

Бізде білімді бағалауға және тест тапсыруға көп көңіл бөлінеді (батыс елдердің мектептерінде кең қолданыстағы түрлері): білімді бағалау тәсілдері мен тест әдісі, мазмұны мен техника және олардың мағыналары, оқып-үйрену түрлері бағдарлы оқытуға көшу жағдайының мазмұнын арттыруға арналған.

Шетел тәжірибелерінде педагогика мен психологияның әлеуметтанымдық бағдарлы курстарына күш салынууда. Бұл өмірдің түрлі ықпалына бейім (әлеуметтік орта, отбасы, арнайы бірлестіктер) әлеуметтік институт ретінде мектеп қызметінің кеңеюімен байланысты. Бұл байланыстарға білім берудің әлеуметтік

жағдайындағы жаңа арнайы курстар жасау қажеттігі де қатысты.

Маман даярлаудың педагогикалық практика сияқты аспектісі шетелдерде әр түрлі жолмен іске асады. АҚШ-та ол төрт аптадан алты аптаға дейін созылса, Францияда оқытудың барлық кезеңінде практика қатар жүреді, ал Англияда он бір апта.

Германиядағы мұғалімдер даярлаудың практикалық ерекшелігі жоғары оқу орындарындағы оқу кезеңіндегі мектептің барлық түрлеріне арналған мұғалімдерді оқытатын міндетті курстан да басқаша (немесе гимназия мұғалімдеріне арналған жазғы каникул кезінде), «дайындау» қызметі деп аталатын міндетті практика түрінде жүзеге асады. Мектептегі мұндай тәжірибеден өту: міндетті мектеп мұғалімдеріне – 18 айдан 3 жылға дейін, гимназия оқытушыларына 2 жыл көлемінде мектепте өтеді. Осыған ұқсас сызбанұсқаны Қазақстан Республикасы жаңа формация мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасының жобасында Абай атындағы ҚазҰПУ жетекші ғалымдары ұсынған.

Педагогикалық білім беру мазмұнын реформалауда маңызды рөл атқаруға тиісті Қазақстан Республикасы жаңа формация мұғаліміне үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы (тұжырымдама жобасы ұсынылып, жарияланған).

Бұл құжаттың мақсаты педагог біліктілігін дамытуға, кәсіби міндеттерді шешу қабілетін жетілдіріп, жалпы 12 жылдық білімнің стратегиялық бағыттарымен жаңғыртуға келісімділігіне ықпал ету болып табылады.

Ұсынылып отырған Қазақстан Рес-



публикасы үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесі Қазақстан Республикасы білім беру дамуының мемлекеттік бағдарламасының негізгі талабына, оның өзіне қарасты барлық салалармен сабақтастығы негізіне сай жасалған және ол бес сатының бірлігін құрайды.

Берілген тұжырымдамада педагогикалық білім беру жүйесі құрылымдарының дамуы мен ендіруін төмендегіше ұсынады:

I саты – жоғары оқу орнына дейінгі мұғалім мамандығына кәсіптік бағдар. Қазақстандағы 12 жылдық оқытуды ескере отырып, оның ішіндегі арнайы ма-

мандыққа оқылатын (атап айтсақ: педагогикалық) сыныптарды есепке алсақ;

II саты – 12 жылдық білімнен соңғы педагогикалық колледждердегі оқу, педагогикалық жоғары оқу орындарының 3-курсына түсуге құқығымен бітірту;

III саты – (негізгі) жоғары педагогикалық білім;

IV саты – жоғары оқу орнынан кейінгі білім: бағдарлы магистратура (бір-екі жылдық) және докторантура (3 жылдық);

V саты – педагог мамандарды қайта даярлау және біліктілікті көтеру жүйесі.

Қазақстан Республикасындағы үздік-

сіз жоғары педагогикалық білім берудің сипаттамалары

Білім беру сатылары	Даярлау кезеңдері	Талаптар мазмұны	Тәжірибе
I саты – (4 жылдық) «мұғалім мамандығын иемденген бакалавр»	Жалпы педагогикалық және психологиялық дайындық кезеңі (I курс оқыту)	I курстың оқу жоспарында: «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Психологияға кіріспе», «Өзіндік білім көтеру технологиясы», «Мектеп гигиенасы негізіндегі жас ерекшелік физиологиясы», «Педагогика тарихы».	Педагогикалық және өндірістік тікелей тәжірибе
	Кәсіби-педагогикалық даярлық теориясын терең меңгеру кезеңі (II курс оқыту)	«Мектеп педагогикасы», «Мектеп тынысы түрінде (оқу жылы барысында) педагогикалық-психологиялық практика», «Даму психологиясы», «Педагогикалық психология».	
	Кәсіби-педагогикалық қызметтің технологияларын меңгеру кезеңі III курс оқыту	«Тұтас педагогикалық үрдісті іске асырудың теориясы мен технологиясы»; «Тәрбие жұмыстарының әдістемесі»; «Этнопедагогика»; «Әлеуметтік педагогика»; «Оқу бағдарламаларына сай оқу талабын оқытудың әдістемесі»; «Әлеуметтік психология»; «Практикалық психология негіздері».	
	Маманданған мұғалім даярлауды тереңдету кезеңі (IV курс оқыту)	«Мұғалімнің педагогикалық еңбегінің ғылыми негіздері және оқушы еңбегінің ғылыми негіздері», «Педагогикалық менеджмент», өндірістік тәжірибе, «Жоғары мектеп педагогикасы», таңдау бойынша арнайы курстар.	
II саты – 5 курс, оқыту ұзақтығы 1 жыл	Орта білім беруге оқыту мен тәрбиелеу мекемелері жағдайына болашақ кәсіби бейімделу кезеңі (5 жыл оқыту)	Мектепте педагог-стажер ретінде диплом жұмысын қорғауға негізделген (еңбекақы төленетін) жұмыс жасау.	Нақты жағдайға кәсіби бейімділік
Магистратура және докторантура	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	Білім беру менеджменті; Орта және жоғары мектеп педагогикасы, әлеуметтік педагогика салаларына арнайы мамандарды даярлау.	

Еліміздегі педагогикалық білім беру жүйесіне заман талабына сай, өзгерістер



ендіріп, жақсарта түсу – ел болашағына жанашырлық таныту. Қазақстандық білім беру кеңістігін биік мәдениет деңгейінде таныту үшін, әлемдік білім нарығына түсетін білімді ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісін үздіксіз жалғастыратын педагогикалық білім беруді жақсартуға бар мүмкіндікті қарастыру қажет.

Дамыған алдыңғы қатарлы елдердің педагогикалық білім беру жүйесіндегі тәжірибелерін қарастыру – оларды қай-

талаудан емес, жетістікке жетер жолды қысқарта отырып, ұтымды жақтарын ойластырудан тұрады деп түсінгеніміз жөн.

**Аймен Жексенбайқызы
ҚАЙДАРОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ
оқытушысы.
Алматы қаласы**



География сабағында практикалық тапсырмалар арқылы ақпаратты есте сақтауды дамыту



**Олжас Тойшибаевич ЖАКУПОВ,
Жаратылыстану-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
география пәні мұғалімі.
Петропавл қаласы**

Андатпа

Мақалада география сабақтарында практикалық тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың ақпаратты есте сақтау қабілетін дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеу жұмысы Action Research әдісіне негізделіп жүргізілді. Зерттеу барысында 11-сынып оқушыларының сабақтағы белсенділігі, теориялық білімді меңгеруі және практикалық жұмыстарды орындау деңгейі талданды. Практикалық тапсырмалар, топтық жұмыстар, графиктер құру, климатограммаларды талдау, есептеу жұмыстары және онлайн тестілеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде практикалық тапсырмалардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, ақпаратты есте сақтау деңгейін жақсартуға ықпал ететіні анықталды.

Кілт сөздер: метеорологиялық көрсеткіштер, зерттеу, өлшеу, өңдеу, практикалық тапсырмалар, сыртқы жиынтық бағалау.



Аннотация

В данной статье рассматривается развитие способности учащихся к запоминанию информации посредством использования практических заданий на уроках географии. Исследование было проведено на основе метода Action Research. В ходе исследования анализировались активность учащихся 11 классов, уровень усвоения теоретических знаний и выполнение практических работ. Использовались практические задания, групповая работа, построение графиков, анализ климатограмм, расчётные задания и онлайн-тестирование. Результаты исследования показали, что практические задания повышают интерес учащихся к предмету и способствуют лучшему запоминанию учебного материала.

Ключевые слова: метеорологические показатели, исследование, измерение, обработка, практические задания, внешние суммативное оценивание.

Annotation

This article examines the development of students' ability to memorize information through the use of practical tasks in geography lessons. The study was conducted using the Action Research method. During the research, the activity of students in grades 11, the level of theoretical knowledge acquisition, and the performance of practical tasks were analyzed. Practical tasks, group work, graph construction, climatogram analysis, calculation exercises, and online testing were used. The results showed that practical tasks increase students' interest in the subject and improve information retention.

Keywords: meteorological indicators, research, measurement, processing, practical tasks, external summative assessment.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Әсіресе, география пәнінде оқушылардың теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра алуы маңызды рөл атқарады. Білім беру процесінде тек ақпаратты беру жеткіліксіз, оқушылар оны талдап, практикада қолдана білуі қажет.

Соңғы жылдары сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау барысында кейбір оқушылардың теориялық материалды есте сақтауда қиындықтарға кездесетіні байқалды. Әсіресе, географиялық есептерді шығару, графиктер мен диаграммаларды талдау, климат-

тық көрсеткіштерді өңдеу кезінде оқушылардың білімді қолдану деңгейі төмен екендігі анықталды.

Осы мәселелерді шешу мақсатында практикалық тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталған жеке Action Research зерттеуі жүргізілді. Зерттеу барысында сабақтарда тәжірибелік жұмыстарды жүйелі қолданудың тиімділігі талданды.

Зерттеу мәселесі. География пәні бойынша теориялық ақпаратты есте сақтау деңгейінің төмен болуы және практикалық тапсырмаларды орындауда оқушылардың қиындықтарға кездесуі.

Зерттеу сұрағы. «География сабағында практикалық тапсырмаларды орын-



дау тақырып бойынша ақпаратты есте сақтауға қалай әсер етеді?»

Зерттеудің мақсаты. Практикалық тапсырмаларды жүйелі қолдану арқылы оқушылардың ақпаратты есте сақтау қабілетін дамыту және білім сапасын арттыру.

Зерттеудің міндеттері. Оқушылардың оқу барысындағы қиындықтарын анықтау; география сабақтарында практикалық тапсырмаларды қолдану; оқушылардың сабақтағы белсенділігін бақылау; практикалық жұмыстардың тиімділігін анықтау; оқушылардың білім сапасына талдау жасау.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: бақылау; сауалнама; сұхбат; практикалық тапсырмалар; топтық және жұптық жұмыс; қалыптастырушы бағалау; Forms онлайн тестілеуі; оқушылардың нәтижелерін салыстырмалы талдау.

Зерттеу жеке мұғалімнің тәжірибесін жетілдіруге бағытталған Action Research форматы бойынша жүргізілді. Әр сабақтан кейін оқушылардың қиындықтары анықталып, келесі сабақтарға өзгерістер енгізіліп отырды. Зерттеуге қатысушылар. Зерттеуге 11-сынып оқушылары қатысты. Зерттеу жұмысы география пәні мұғалімі тарапынан жеке жүргізілді. Оқушылардың сабақтағы белсенділігі, практикалық жұмыстарды орындау сапасы және оқу нәтижелері бақылауға алынды.

Зерттеу барысы

Бірінші кезең. Алғашқы кезеңде оқушылардың оқу процесіндегі қиындық-

тарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың көпшілігі теориялық ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтауда қиындықтарға кездесетінін көрсетті. Сонымен қатар көптеген оқушыларға есептеу жұмыстары мен графикалық тапсырмалар күрделі болғаны анықталды.

Осы нәтижелер негізінде практикалық тапсырмаларды көбірек қолдану туралы шешім қабылданды.

Екінші кезең. Зерттеу барысында «Метеорологиялық көрсеткіштерді өлшеу және өңдеу» тақырыбы бойынша практикалық жұмыстар ұйымдастырылды.

Оқушылар: температура көрсеткіштерін өңдеді; орташа температураны есептеді; температура амплитудасын анықтады; графиктер тұрғызды; атмосфералық қысымды есептеді; жел бағытын анықтады; салыстырмалы ылғалдылықты есептеді.

Сабақ барысында жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылар өз жұмыстарын қорғап, бір-бірін бағалау критерийлері арқылы бағалады. Практикалық тапсырмалар барысында оқушылардың сабаққа қызығушылығы артқаны байқалды. Әсіресе, графиктер мен климатограммаларды құру кезінде оқушылар белсенділік танытты.

Үшінші кезең. Келесі зерттеу сабақтарында жергілікті жердің ауа райы элементтерін бақылауға байланысты тапсырмалар берілді.

Оқушылар: ауа райы күнделігін тол-



тырды; климатограмма құрды; метеорологиялық құралдарды зерттеді; атмосфера қабаттарының құрылысын сипаттады; географиялық көрсеткіштерге талдау жасады. Сонымен қатар сабақтарда визуалды материалдар, кестелер және онлайн тестілеу қолданылды. Зерттеу барысында оқушылардың өзара талқылауы мен тәжірибелік әрекеттері теориялық материалды жақсы меңгеруге көмектескені байқалды.

Төртінші кезең. Зерттеудің соңғы кезеңінде «Демографиялық көрсеткіштерді есептеу» тақырыбы бойынша практикалық жұмыстар ұйымдастырылды.

Оқушылар: табиғи өсімді есептеді; механикалық өсімді анықтады; туу коэффициентін есептеді;

өлім коэффициентін есептеді; Қазақстан облыстарының көрсеткіштері бойынша есептер шығарды.

Сабақ соңында Forms онлайн тестілеуі өткізілді. Нәтижесінде практика-

лық жұмыстарды орындаған оқушылардың көпшілігі тест тапсырмаларын дұрыс орындағаны анықталды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижесінде практикалық тапсырмалардың оқушылардың ақпаратты есте сақтау қабілетіне оң әсер ететіні анықталды. Бақылау нәтижелері бойынша: оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі артты; теориялық материалды түсіну деңгейі жақсарды; есептеу жұмыстарын орындау сапасы көтерілді; өзара бағалау дағдылары қалыптасты; пәнге деген қызығушылық өсті. Forms онлайн тестілеу нәтижесінде оқушылардың 78%-ы жоғары нәтиже көрсетті. Практикалық тапсырмаларды жүйелі орындаған оқушылардың 85%-ы теориялық материалды жақсы есте сақтағанын көрсетті. Сонымен қатар, сабаққа белсенді қатысқан оқушылар саны зерттеу барысында 40%-дан 82%-ға дейін артты.

Көрсеткіш	Зерттеу басында	Зерттеу соңында
Сабақтағы белсенділік	40%	82%
Теориялық білімді есте сақтау	52%	85%
Практикалық тапсырманы дұрыс орындау	48%	78%

Практикалық жұмыстар барысында оқушылар теориялық білімді тәжірибемен байланыстыра алды. Әсіресе, визуалды және тәжірибелік тапсырмалар ақпаратты есте сақтауды жеңілдеткені байқалды. Forms тестілеуінің нәтижелері бойынша көптеген оқушылар жоғары нәтиже көрсетті. Дегенмен, кейбір оқушылардың сандық

мәліметтерді өңдеу кезінде қателіктер жіберетіні анықталды. Бұл оқушылардың зейін қою және ақпаратты талдау дағдыларын әрі қарай дамыту қажеттігін көрсетті.

Талдау. Action Research зерттеуі мұғалімнің өз тәжірибесін жүйелі түрде талдауына мүмкіндік берді. Практикалық тапсырмаларды қолдану сабақ-



тың тиімділігін арттырып, оқушылардың оқу мотивациясына оң әсер етті. Зерттеу барысында оқушылардың тәжірибелік әрекет арқылы ақпаратты тезірек қабылдап, ұзақ уақыт есте сақтайтыны анықталды. Сонымен қатар, топтық жұмыс кезінде оқушылардың коммуникативтік дағдылары дамыды. Практикалық тапсырмалардың тағы бір артықшылығы — оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуы. Олар нақты мәліметтермен жұмыс істеп, ақпаратты талдап, қорытынды жасай алды. Дегенмен, зерттеу барысында кейбір қиындықтар да кездесті. Мысалы, кейбір оқушылар есептеу жұмыстарын орындау кезінде қосымша қолдауды қажет етті. Сондықтан келешекте сараланған тапсырмаларды көбейту және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану жоспарлануда.

Қорытынды. Жүргізілген Action Research зерттеуі география сабақтарында практикалық тапсырмаларды қолданудың тиімді екенін көрсетті. Практикалық жұмыстар: оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырды; ақпаратты есте сақтау қабілетін жақсартты; теориялық білімді практикамен байланыстыруға мүмкіндік берді; функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етті.

Зерттеу нәтижелері практикалық тапсырмаларды жүйелі қолдану география сабағының сапасын арттыруға көмектесетінін дәлелдеді. Зерттеу барысында оқушылардың сабақтағы бел-

сенділігі 40%-дан 82%-ға дейін артты, ал теориялық материалды есте сақтау деңгейі 52%-дан 85%-ға дейін жоғарылады. Практикалық тапсырмалар арқылы оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, оны нақты тәжірибеде қолдануға үйренді. Бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және оқу мотивациясын арттыруға оң әсер етті. Action Research тәсілі мұғалімнің кәсіби рефлексия жасауына, өз тәжірибесін талдауына және оқыту әдістерін жетілдіруіне мүмкіндік берді.

Алдағы уақытта зерттеу жұмысын жалғастырып, практикалық тапсырмаларды басқа бөлімдерде қолдану жоспарлануда.

Әдебиеттер:

1. Жаманкулова А.Ж., Сахова К.К., Садвакасов А.Ж. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ — NIS-Programme білім беру бағдарламасы бойынша әзірленген География: 11-сыныпқа арналған оқулық.
2. География. 10-сыныпқа арналған оқулық/7-10-сыныптар бойынша «География» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген (2016. 2-нұсқа) / А.Ж. Жаманкулова, К.К. Сахова, Г.О. Ахмет және т.б.
3. Burns A. *Action Research in Education*. London: Routledge, 2010.
4. Kemmis S., McTaggart R. *The Action Research Planner*. Singapore: Springer, 2014.



Қытай студенттердің цифрлық тайм-менеджмент құралдарын қолдануы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кейсі

Аңдатпа

Мақалада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алып жатқан Қытай студенттердің уақытты басқаруға арналған цифрлық құралдарды пайдалану тиімділігі қарастырылады. Зерттеу мақсаты – студенттердің уақытты басқару дағдыларындағы қиындықтарды анықтайтын алдыңғы диагностикалық деректер мен олардың цифрлық құралдарды нақты қолдану тәжірибесі арасындағы байланысты айқындау. Жұмыс барысында Қытайдан келген 57 студенттен алынған сауалнама деректері қайта талданып, технологияларды қабылдау моделі мен өзіндік реттелетін оқыту теориясы әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды. Нәтижелер студенттердің басым бөлігі цифрлық құралдардың пайдалылығын мойындағанымен, оларды жүйелі түрде қолдану деңгейі төмен екенін көрсетті. Құралдарды тиімді пайдаланудағы негізгі кедергілер ретінде интерфейстің күрделілігі, университеттік ақпараттық жүйелермен үйлесімсіздік және тілдік қиындықтар анықталды. Зерттеу қорытындылары халықаралық студенттерге арналған цифрлық қолдау құралдарын жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеуге негіз болады.

Түйінді сөздер: Уақытты басқару; Цифрлық құралдар; Технологияларды қабылдау моделі; Қытай студенттері; Өзіндік реттелетін оқыту.

Жоғары білім беру жүйесінде халықаралық студенттік ұтқырлықтың артуы білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін жаңа міндеттер қалыптастыруда. Қазақстан мен Қытай арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық соңғы онжылдықта айтарлықтай кеңейіп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қытай студенттері үшін негізгі академиялық бағыттардың біріне айналды [1]. Алайда, жаңа тілдік және мәдени ортаға бейімделумен қатар, шетелдік студенттер өз оқу уақытын тиімді ұйымдастыру мәселесімен де бетпе-бет келеді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық технологиялар ұсынатын уақытты басқару құралдары студенттердің академиялық дербестігін қолдаудың әлеуетті тиімді тетігі ретінде қарастырылады. Деген-

мен, бұл құралдардың нақты қолданылу деңгейі мен олардың студенттердің күнделікті оқу тәжірибесіне әсері әлі де жеткілікті зерттелмеген.

Қытай студенттердің уақытты басқару дағдыларына қатысты бұған дейін жүргізілген зерттеулер бұл топта белгілі бір қиындықтар бар екенін айқындаған. Атап айтқанда, Қыран Армия (2025) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқитын қытай студенттері арасында жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 76%-ы күнделікті оқу мақсаттарын белгілеуге тырысқанымен, 64%-ы маңызды тапсырмаларды соңғы сәтке дейін кейінге қалдыратынын мойындаған [2]. Сонымен қатар, 58%-ы әлеуметтік желілердің оқу ырғағына кері әсер ететінін атап өткен. Бұл деректер студенттердің



уақытты жоспарлау ниеті мен оны іс жүзінде жүзеге асыру арасында айтарлықтай алшақтық бар екенін көрсетеді. Осы орайда, мынадай сұрақ туындайды: цифрлық құралдар бұл алшақтықты жоюға қаншалықты қабілетті?

Цифрлық технологиялардың оқу үдерісіне енуі студенттерге өз уақытын басқарудың кең ауқымды мүмкіндіктерін ұсынады. Күнтізбелік қосымшалар, тапсырмаларды басқару жүйелері және еске салғыштар сияқты құралдар оқу жүктемесін құрылымдауға және басымдықтарды белгілеуге көмектеседі. Алайда, технологияның болуы оның тиімді пайдаланылатынын білдірмейді. Ф. Дэвис ұсынған технологияларды қабылдау моделіне (ТАМ) сәйкес, пайдаланушының жана технологияны игеруі екі негізгі факторға тәуелді: қабылданатын пайдалылық және қабылданатын қолдану жеңілдігі [3]. Басқаша айтқанда, студент цифрлық құралды өз уақытын шынайы жақсартады деп есептесе және оны пайдалану айтарлықтай күш-жігерді қажет етпесе ғана, ол бұл құралды күнделікті оқу тәжірибесіне енгізеді.

Өзіндік реттелетін оқыту теориясы тұрғысынан алғанда, студенттердің цифрлық құралдарды өз оқуын жоспарлау, бақылау және бағалау үшін пайдалануы олардың академиялық табысының маңызды құрамдас бөлігі

болып табылады [4]. Бұл тұжырымдама уақытты басқару құралдарын пайдалануды жеке оқу стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Студент өз уақытын жоспарлау арқылы оқу мақсаттарын нақтылайды, орындалу барысын бақылайды және қажет болған жағдайда өз әрекеттерін түзетеді. Алайда, бұл үдеріс студент тарапынан белгілі бір деңгейдегі саналы күш-жігерді және өзін-өзі тәртіпке келтіруді талап етеді.

Осы зерттеудің мақсаты – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқитын Қытай студенттердің уақытты басқаруға арналған цифрлық құралдарды пайдалану тиімділігін бағалау және олардың тиімді қолданылуына кедергі келтіретін факторларды анықтау. Зерттеу барысында аталған университетте бакалавриат және магистратура бағдарламаларында білім алып жатқан 57 қытай студенттен алынған сауалнама деректері қайта талданды. Сауалнама құрылымы демографиялық бөлімнен, цифрлық құралдарды пайдалану жиілігі мен түрлерін анықтайтын сұрақтардан, сондай-ақ қабылданатын пайдалылық пен қолдану жеңілдігін бағалауға арналған шкалалардан тұрды.

Сауалнама нәтижелерін талдау бірнеше маңызды заңдылықтарды анықтайды. (1-кесте)

1-кесте. Уақытты цифрлық басқару құралдарын пайдалану көрсеткіштері

Көрсеткіш	Пайыздық үлесі (%)
Сандық құралдарды уақытты басқару үшін пайдалы деп санайды	78
Кемінде бір цифрлық құралды күнделікті пайдаланады	34
Құралдарды пайдаланудағы басты қиындық – интерфейс күрделілігі	41
Құралдарды пайдаланудағы басты қиындық – университет жүйелерімен үйлесімсіздік	47
Құралдарды пайдаланудағы басты қиындық – тілдік кедергілер	36



Кестеден көрсетілгені, студенттердің басым көпшілігі (78%) цифрлық құралдардың уақытты басқарудағы пайдалылығын теориялық тұрғыдан мойындайды. Бұл көрсеткіш алдыңғы зерттеуде анықталған уақытты басқару дағдыларын жақсартуға деген жалпы ұмтылыспен (82%) үйлеседі [2]. Алайда, бұл оң көзқарас күнделікті тәжірибеге толықтай ауыса бермейді: респонденттердің тек үштен бір бөлігі (34%) ғана қандай да бір цифрлық құралды тұрақты түрде пайдаланады.

Мұндай алшақтықтың негізгі себептерін талдау үш фактордың ерекше маңызға ие екенін көрсетті. Біріншіден, респонденттердің 41%-ы цифрлық құралдар интерфейсінің күрделілігін кедергі ретінде атады. Көптеген қосымшалар кең ауқымды функционалдық мүмкіндіктерге ие болғанымен, оларды игеру қосымша уақытты қажет етеді, бұл өз кезегінде құралдың негізгі мақсатына қайшы келеді. Екіншіден, 47%-ы цифрлық құралдардың университеттің ақпараттық жүйелерімен үйлесімсіздігін атап өтті. Атап айтқанда, Univer жүйесіндегі сабақ кестесін жеке күнтізбелік қосымшаларға қолмен көшіру қажеттілігі студенттердің бұл құралдарды пайдаланудан бас тартуына себеп болады. Үшіншіден, 36%-ы тілдік кедергілерді атады: қосымшалардың көпшілігі ағылшын тілінде жұмыс істейді, ал оқу үдерісіне қатысты ақпарат қазақ немесе орыс тілдерінде беріледі, бұл ақпараттық алшақтық тудырады.

Алынған нәтижелер жоғары оқу орындары үшін бірқатар практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Біріншіден, университеттің ақпараттық жүйелері мен студенттердің

жеке цифрлық құралдары арасындағы интеграцияны күшейту қажет. Сабақ кестесін, тапсырмаларды тапсыру мерзімдерін және басқа да академиялық оқиғаларды студенттердің жеке күнтізбелеріне автоматты түрде экспорттау мүмкіндігі құралдарды пайдалану деңгейін айтарлықтай арттырар еді. Екіншіден, шетелдік студенттерге арналған бейімделу бағдарламалары аясында цифрлық сауаттылық бойынша қысқа мерзімді семинарлар ұйымдастыру орынды. Мұндай семинарларда студенттерге қолжетімді цифрлық құралдардың негізгі функциялары таныстырылып, оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану жолдары көрсетілуі тиіс. Үшіншіден, университет кітапханалары мен цифрлық қызметтер бөлімдері студенттерге қазақ және орыс тілдеріндегі интерфейсін бар баламалы қосымшалар туралы ақпарат ұсынуы қажет.

Қорытындылай келе, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқитын қытай студенттер мысалы көрсеткендей, уақытты басқарудың цифрлық құралдарын енгізу «дағды диагностикасынан» «тиімді құралдық араласуға» дейінгі жолда әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Студенттердің цифрлық құралдардың пайдалылығын мойындауы оларды күнделікті тәжірибеде тұрақты пайдалануға алып келмейді. Бұл алшақтықты жою үшін технологиялық шешімдерді ұсынумен қатар, ұйымдастырушылық және педагогикалық қолдау шараларын да қатар жүргізу маңызды. Университеттің ақпараттық жүйелері мен студенттердің жеке құралдары арасындағы интеграцияны күшейту, тілдік кедергілерді еңсеру және



студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру осы бағыттағы келешегі бар қадамдар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Dauletova G.O., Baissultanova K.Sh. International cooperation of Kazakhstan and China in the field of education in the framework of «One belt – one way» in online mode // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Международные отношения и регионоведение». – 2020. – №4 (42). – Б. 9-21.

2. Қыран Армия. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі Қытай студенттерінің тайм менеджмент дағдыларына талдау // Ғылым және білім: жаңа уақыт. – 2025. – №18. – Б. 128-136.

3. Davis F.D. User acceptance of information systems: the technology

acceptance model (TAM). – Ann Arbor: University of Michigan, School of Business Administration, Division of Research, 1987. – 34 б.

4. Yot-Dominguez C., Marcelo C. University students' self-regulated learning using digital technologies // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2017. – Vol. 14. – Б. 1-18.

Ань ЧЭНЬЯН,

Сюй ЦЗИН,

Чжан ЯЦЯНЬ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

«7М04134 – Педагогика. Білім берудегі менеджмент»

білім беру бағдарламасының 1-курс магистранттары.

Алматы қаласы



Кітапхана және оқырман: жаңа мүмкіндіктер көкжиегі

Қазіргі заман — ақпарат пен технологияның қарқынды дамыған дәуірі. Осындай кезеңде кітапхана тек кітап сақтайтын орын ғана емес, ол — рухани жаңғырудың, білім мен парасаттың, жаңа идеялар мен тың бастамалардың орталығына айналып отыр. Уақыт талабына сай өзгеріп, жаңаша бағыт алған кітапхана ісі бүгінгі қоғамның ажырамас бір бөлігіне айналды. Осы бағыттағы игі бастамалардың бірі — Созақ аудандық орталық кітапханасында

өткен «Кітапхана және оқырман: жаңа мүмкіндіктер» атты аудандық семинар.

Аталған мазмұнды жиын аудандық орталық кітапхананың кітапхананы дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткізіліп, кітапхана саласының бүгінгі тынысы мен болашақ бағытын айқындаған маңызды алаң болды. Семинарға аудан көлеміндегі кітапхана мамандары қатысып, тәжірибе алмасып, кәсіби ой-пікірлерін ортаға салды.

Семинар жұмысын аудандық орта-



лық кітапхананың директоры Н. Майусова ашып, өз сөзінде кітапхана саласындағы жанашыл бағыттарға кеңінен тоқталды. Ол кітапхананың тек ақпарат көзі ғана емес, қоғаммен тікелей байланыс орнататын маңызды мәдени орта екенін атап өтіп, оқырманмен байланысты нығайту, заманауи технологияларды тиімді пайдалану – бүгінгі күннің басты міндеті екенін жеткізді.

Кітапхананы дамыту бөлімінің басшысы Б. Бекмуратова «Кітапхана мен оқырман арасындағы жаңа форматтағы байланыс» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, қазіргі кітапханалардың жұмыс форматы өзгеріп жатқанын нақты мысалдар арқылы түсіндірді. Ол әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың кітапхана қызметіндегі маңызын айқындап, оқырман тартудың заманауи әдістеріне кеңінен тоқталды.

Аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Ғ. Маймақова «Кітапхана жұмысын талдау, зерделеу және әдістемелік көмек көрсету қорытындысы» тақырыбында хабарлама жасап, жүргізілген әдістемелік жұмыстар мен іссапарлар нәтижесіне тоқталды. Бұл баяндама кітапхана қызметін жүйелі түрде талдаудың маңызын көрсетті.

Семинар аясындағы «Тәжірибе алмасу алаңы» барысында Созақ және Абай ауылдық кітапханашылары «Менің кітапханам – менің мақтанышым» тақырыбында өздерінің үздік тәжірибелері мен авторлық жобаларын таныстырды. Бұл бөлімде кітапхана жұмысындағы шығармашылық ізденіс, жанашыл көзқарас айқын көрініс тапқан болатын.

Семинардың мазмұнын байытқан маңызды бөлімдердің бірі – ақпарат-

тық-библиографиялық қамтамасыз ету бағыты болды. Аталған бөлімнің библиограф маманы Е. Дайрабай «Ақпараттық іздеу жүйелеріндегі жасанды интеллект рөлі» тақырыбында практикалық сабақ өткізіп, қатысушыларға заманауи іздеу жүйелерінің мүмкіндіктерін жан-жақты таныстырды. Сабақ барысында жасанды интеллект құралдарының ақпаратты жылдам әрі дәл табудағы артықшылықтары көрсетіліп, кітапханашылардың күнделікті жұмысында оны тиімді пайдалану жолдары түсіндірілді. Бұл – кітапхана ісінің жаңа кезеңге қадам басқанын аңғартатын маңызды бағыттардың бірі екені анық сезілді.

Пікір алмасу алаңында Таукент, Құмкент, Бабата ауылдық кітапханашылары «Әлеуметтік желідегі кітапхана: оқырман тартудың тиімді жолдары» тақырыбында өз тәжірибелерімен бөлісті. Олар әлеуметтік желілер арқылы оқырман тартудың тиімді әдістерін ұсынып, заманауи насихат жұмыстарының қыр-сырын ортаға салды.

Бірыңғай қорларды ұйымдастыру және пайдалану бөлімінің басшысы Ә. Сарыбаева «Кітап көрмесін дайындаудың қадамдары мен ерекшеліктері» тақырыбында шеберлік сағатын өткізіп, кітап көрмесін ұйымдастырудың негізгі талаптары мен безендіру тәсілдерін түсіндірді.

Семинардың ерекше әсерлі сәттерінің бірі – «Кітапхана – тағдырымның тынысы» атты рухани бөлім болды. Бұл жерде кітапханашылар өз мамандығына деген сүйіспеншілігін, ішкі жан толғанысын монолог арқылы жеткізіп, тыңдарман жүрегіне жол тапты.

Семинар қорытындысында кітапха-



на қызметін жетілдіру, оқырман тартудың жаңа әдістерін енгізу, тәжірибе алмасуды жандандыру бағытында нақты ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар, әдебиетті насихаттауға арналған әдістемелік құралдар мен ақпараттық библиографиялық құралдар таратылды. Атап айтқанда, «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында таңдалған Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романына арналған «Тағдыры бөлек тарланбоз» әдістемелік құралы, ақын М. Асқаровқа арналған «Парасат пен пайым жолындағы ғұмыр», сондай-ақ С. Тәбірізұлының 90 жылдығына орай дайындалған «Ұлт тарихына ғұмырын арнаған ғалым» библиографиялық көрсеткіштері көпшілікке ұсынылды.

Бұл семинар – кітапхана саласындағы кәсіби байланысты нығайтқан, жаңа идеяларға жол ашқан маңызды шара болды.

Ал кітапхана – адамзат өркениетінің рухани тірегі. Ол – ұлттың жады, мәдениеттің мәйегі, білімнің бастауы. Кітапхана сөресіндегі әрбір кітап – тарихтың үні, уақыттың куәсі. Сол арқылы адам өткенді таниды, бүгінді бағалайды, болашаққа бағдар жасайды.

Бүгінгі кітапхана – тек кітап ордасы емес, ол – жаңа технологиялармен жабдықталған, ақпараттық кеңістікке

еркін шығатын, оқырманмен үздіксіз байланыс орнататын заманауи орталық. Ал кітапханашы – сол кеңістіктің шырақшысы, оқырманға бағыт беретін рухани жетекші.

Қорытындылай келе, кітапхана – өткен мен болашақты жалғаған алтын көпір. Ол – ұлттың рухани деңгейін айқындайтын қасиетті мекен. Сондықтан кітапханаға деген құрмет – бұл білімге, руханиятқа, ел болашағына деген құрмет.

Осындай тағылымды семинарлар жалғасын тауып, кітапхана мен оқырман арасындағы алтын байланыс нығая берсін деген сеніміміз мол. Рухани ордада сол орданың рухани шырақшылары әрқашан білім көкжиегін арттырып Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, «кітап оқитын ұлт» қалыптастыруға қай кезде де талмай еңбек етеді және де мемлекет болып жұмылатын болсақ білімді, ғалым жастар, тұлғалар шығатыны мемлекетті дамытатыны, білім көкжиегіне өз шуағын, өз қолтанбасын қалдыратыны анық...

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Созақ аудандық кітапханасының
библиографы.
Түркістан облысы



Коммуникативтік міндеттер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту

Оқушыға білім беру – күрделі мәселе. Оқушыға саналы білім сапалы тәрбие беру үшін түрлі факторларды ескеру керек. Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жана технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Білім беру саласының алдына қойылған мақсаттарды іске асыруда бірінші кезекте мектеп оқушыларының сауаттылығын арттыру болып табылады.

Еліміздің азаматтары, мектеп оқушылары мемлекеттік тілді игеру – бүгінгі күннің басты талабы деп біледі. «Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесен – ол күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу – бұл сүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате», - дейді Х. Досмұхамедов. Сондықтан, мемлекеттік тілді меңгерту, өркендету, баға жетпес мұрамызды өзге ұлт өкілдеріне дәріптеу, біздің – басты мақсатымыз. Ана тілімізді өзге ұлтқа оқытып үйретудің өн бойы оқушыларды ауызша және жазбаша қатынасқа тарту, яғни, осы тілде бір-бірімен еркін тілдесу білігі мен

дағдысын қалыптастырып дамыту негізінде құрылуы тиіс. Шындығына келгенде, тілді әлеуметтік құбылыс деп қарауымыздың өзі қатысымдық мақсатқа жету үшін сол тілдің дыбыстық кодын және графикалық кодын жете игеруді алдыңғы қатарға қоюға тиіспіз. «Тіл – адам жанының тілмашы» ретінде адамды әлеуметтік ортамен байланыстырушы дәнекер әрі баланың жалпы дүниетанымын қалыптастыратын танымдық іс-әрекеттердің ең маңызды құралы. Тілдік қарым-қатынастың сөйлеу құрылымы оқушылардың қисынды ойлау қабілеттерін, тілдік автоматизмді қалыптастырады.

Қатысымдық әдіспен оқыту жүйесін айқындап, оның теориялық негізін қалаған ғалым Ф. Оразбаеваның пайымдауынша «Қазақ тілін үйретуде қатысымдық әдісті пайдаланудың ең тиімді жолының тіке байланысқа негізделіп, адам мен адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыру болып саналады».

Сондықтан, алғашқы сабақтан бастап оқушылардың тандап отырған мәтіннің мазмұнын аудармасыз түсіну дағдысын қалыптастырған жөн. Олардың сөйлеу тілін тындап қалыптастырған дұрыс. Ана тілімізді өзге ұлтқа оқытып үйретуде ауызша тілдесімді жетістікпен меңгеруге мүмкіндік беретін тындалымға ерекше көңіл бөлінетіні белгілі. Оқушылардың мәтінді өз бетінше дауыстап оқуын әрдайым қуаттауымен қатар, олардың мәтінді мәнерлеп оқуына да көңіл бөлген дұрыс. Мәтінді іштей оқу өзге ұлт өкілдеріне өте күрделі.



Дегенмен, оқушыларды мәтінді іштей оқып, оның мазмұнын өз сөздерімен айтып беруге дағдыландыру қажет. Ол үшін әр түрлі мәтіннің мазмұнын түсінуге көмектесетін жаттығу жұмыстарын ұйымдастырамын. Тілдесім тек ауызша түрде ғана емес, оқылым арқылы да жүзеге асады. Сондықтан оқушы мәтінді оқыған кезде, оның негізгі назарын мәтіннің мағыналық, мәнді жағына аудару керек. Ол үшін сол мәтін бойынша қатысымдық бағыттағы тапсырмаларды кеңінен қолданған дұрыс. Мұны өрнекпен былайша береміз.

Қатысымдық бағыттылығы:

1. *Жағдайды таңдау қажет;*
2. *Оқушыларды тілдесімге тарту қажет;*
3. *Қайталауды қамтамасыз ету керек;*
4. *Қатысымдық тапсырмамен қамтамасыз ету жөн;*
5. *Тілдесімге қолайлы жағдай жасау қажет.*

Балалардың ойларын белгілі бір салаға бағыттап коммуникативтік қатынастардың мәселесін шешеміз.

Қазіргі кезең — ақпараттық технологиялар кезеңі. Әрбір білім беретін мекеме мен көпшілік үйлерде ақпарат көзі болып табылатын теледидар мен компьютерлер баршылық. Quizzis онлайн ойынында алдын-ала даярланған тапсырмаларды орындау оқушыларға өте ұнайды. Уақытты үнемдеп, пәнге деген қызығушылықты арттыра отырып, бала бойында қазақ тілінде сөйлеу, қарым-қатынасқа жетелеу өте тиімді. Балалардың өздері слайдтар дайындап, интерактивті тақтамен жұмыс істеуді жақсы көреді.

Коммуникативтік ойындарды сабақта ұтымды қолданудың мынандай мүмкіндіктері ашылады:

- тіл үйренушілер өз бетінше жұмыс істейді, яғни, әрекет иесі, өзінің қойылған мәселеге қатысты өз шешімін ұстанушы жеке субъект ретінде;

- тіл үйренуші ұжымдық қарым-қатынастағы өз шешімін дәлелдеуге жалпы пікірталас қорытындысын шығару үшін өзінің пікірін, дәлелдемелерін айтуға бейімделген субъект ретінде;

- коммуникативтік ойындардың мақсаты — дайындықсыз, белсенді әрекеті арқылы қатысымға түсуді ұйымдастыру;

Лексикалық, грамматикалық, фонетикалық және сөйлеу дағдылары мен білігін қалыптастыру үшін коммуникативтік ойындардың алдында мынадай ойын тапсырмалары беріледі.

Үлгі бойынша диалог құру. Тіл үйренушілер бұл үлгі диалогты өзгертпей немесе мазмұнын сәл өзгертіп сұхбат құрады. Ол үшін адам аттарын тарихи оқиғаларға байланыстырып өзгертуге немесе диалог мазмұнын сақтай отырып оқиға желісін сәл өзгертіп диалог құрады. Бұл интерактив әдісі тек оқытушы мен оқушыны терең қарым-қатынасқа баулу емес, оқушылардың өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқу үрдісі барысында олардың белсенділігін арттыру.

«Менің бос уақытым» тақырыбын өткенде балалар бір аптаға күн тәртібін толтырып қояды. Оқытушы аптаның жеті күннің ішінен үш-төрт күнді таңдап алуды сұрайды. Үш оқушы бірлесе жұмыс істейді. Оларға мынандай тапсырма беріледі: үш күнді таңдап, сол күндері түстен кейінгі уақытты бірге өткізуді келісіп алу ұсынылады. Ұсынысты қабылдап немесе шақыруды қабылдай алмайтынын топтағылар дәлелдеп сөйлеуі керек. Бұл тапсырманы жұппен



немесе үштікпен орындауға болады.

Құрама – қиыстыру ойыны. Топ топшаға (2, 3, 4) бөлінеді де, бірдей тапсырма алады, тапсырма түрлі-түсті қатты ақ қағазға жазылған. Бұл қағазға «жартылай сөз», сөз тіркестерінің бір сынары, диалог репликасы және сөйлемнің жартысы жазылады. Оқытушының бұйрығымен топ мүшелері сөз, сөз тіркестерін жинап, диалог құрып, бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі. Іздену ойыны. Ойынға қатысушылар мәселелік ақпаратты жартылай түсінеді, ал мәселені толық шешу үшін әрекет жасайды. Олардың мақсаты – ақпаратты толық түсіну үшін бірлікте болып жұмыс істеу.

Мысалы: Қазақстандағы қоршаған орта, экология туралы мәліметтер бар, бірақ топ болып дәлелді ұсыныстар айтуы керек. Ритмикалық жаттығулар. Сабақ басында ритмикалық жаттығу ретінде оқушылардың тілін жаттықтыру және дамыту үшін тақпақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, қазақтың белгілі ақындарының өлеңдерін, тұрақты сөз тіркестерін, Абайдың қарасөздерінен үзінді жатқа айтқызамын. Қазақ ақындарының өлеңдеріндегі тілдік сөз қорының байлығы бала бойына сіңіруге мол көмегін тигізеді. Бұл оқушыларға тыныштық, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Есте сақтау қабілеттерін дамытып, тілдерін ұштап, қазақ тіліне тән әріптерді дұрыс айтуға көмегін тигізеді. Айтқан өлең жолдарындағы сөздердің синонимін, антонимін, омонимін айту, білу де оқушыларды қызықтырады. Мысалы: Абайдың 38-сөзінен «дос» сөзіне антоним айт. «Күллі» сөзінің синонимін атап бер және т.б. Тілдік қатынасты сипаттау барысында қабылдау, ес, ойлау, бейнелеу, көңіл қою секілді сөйлеудің жүзеге

асуына қатысатын сөйлеу механизмдері қарастырылады. Ертегі қойылымдарын қою, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта қазақтың ұлттық ойындарын ойнату, насихаттау, үйрету оқушылар бойында пәнге деген қызығушылықты арттырады. Ойындарды қолдана отырып, сөйлете аламыз. Менің жетекшілігімен бастауыш буында және 6, 7-сыныптарда қазақтың ұлттық ойындары: «Ханталапай», «Қыз қуу», «Асық ату», т.б. өткізілді. Қорытынды мектепішілік концертте кішігірім «Жыл басына таласқан хайуанаттар» қойылымы көрсетілді. Жоғарыда аталғандар мынандай қорытынды жасауға көмектеседі:

- оқушылар мен өзара әрекетті жүзеге асыру үшін мынандай кәсіби функциялар керек: кеңесші, үйлестіруші, ой қозғаушы, көшбасшы және тең құқылы қарым-қатынас мүшесі болу керек;

- оқушы мен мұғалім арасындағы өзара іс-әрекетті басқа да салаларға қолдану;

- мұғалім тек қана ұйымдастырушы болып қана қоймай, тікелей оқушылар мен қарым-қатынасқа түсетін адам;

- оқушыларды байланыстыра сөйлеуге оқытып-үйрету барысында, олардың тілінің логикалық тұрғыда жүйелілігін, жан-жақтылығын, дұрыстығын және берілген жағдаймен байланыстылығын қадағалап отырған орынды;

- ауызша сөйлеуде және жазбаша сөйлеуде;

- сөйлеу тілінің ішінде – тыңдалым мен айтылымға оқытып үйрету; айтылымның ішінде монологтік және диалогтік тілге оқытып үйрету, алдын-ала дайындалған, дайындалмаған әңгіме – оқылым ішінде мәтіннің мазмұнын толығымен қамтылуы және түсінуі;

- жазылым ішінде грамматика мен



орфографияға оқытып үйрету, жазбаша мазмұндау мен шығармаға үйрету;

- қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі дәстүрлі және инновациялық әдістердің сабақтастығы мен ерекшелігі, жоғарыда аталып өткен жұмыс түрлері жүйелі түрде өтілуі, оқушылардың бойында коммуникативтік қатынастардың қалыптасуына зор көмегін тигізеді және тілдік құрылымды шығармашылықпен қолдануды талап етеді.

В. Гумбольдт былай деген: «... тілді біртұтас немесе бөлшектеп қарастыруға болатын материал деп танымау керек, оны өмірбақи өзін-өзі жасап тұратын механизм деп санау керек, ондағы жасалу заңдылығы анықталған, бірақ оның көлемі, сонымен қатар жасалу тәсілі еркін болып қала береді». Тілші ғалымдардың тіл мен тілдік қатынасы туралы түсініктеріне Ф. де Соссюрдің концепциясы да қатты әсер етті. Ғалымның бұл концепциясы бойын-

ша, тіл — дайын өнім, ал тілдік қатынасымды кездейсоқ нәрсе, ол — «сана мен еріктің жеке дара актісі». Сондықтан да ғалым «тілдік қатынасым тілдің қалыптасуы үшін қажет» деген пікірді айтады. Қарым-қатынас белгілі бір жағдайда тілдік модельді таңдау және тану біліктілігі арқылы дамытылады. Жас ерекшелігінің деңгейіне қарай дайындық және жаттықтыру тапсырмалары, рөлдік проблемалық ойындар қорытынды мақсатқа алып келеді. Өз бетімен жобалық жұмыс формаларын іс жүзіне асыруды ойластырудамын.

Отанымыз өркендесе, онда өмір сүріп жатқан әр азаматтың жағдайы, болашағы жарқын болады деп ойлаймыз.

Б. ИШМУХАМБЕТОВА,
«№2 гимназия» ММ-нің қазақ
тілі мен әдебиеті мұғалімі.
Рудный қаласы,
Қостанай облысы



Оқушылардың жаңа мектепке бейімделуі процесін ұйымдастыру кезеңдері

Жылдан жылға оқушылардың бастауыш сыныптан орта буынға бейімделу кезеңі өзекті мәселе болып туындайды. Оқушылар мектепке, мұғалім талабына, сыныптастарына үйренсе де, бейімделу проблемасы бар. Олар қайтадан жаңа әлеуметтік жағдайға үйренеді, жаңа сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, жаңа пән. Әр мұғалім өз талабын қояды. Бұл кез бастапқы жеткіншек шақ, бала ағзасында физиологиялық өзгерістер өтіп, ол да өзінше әсер ететіні хақ.

Мектепке жаңа келе салып, бала мектеп оқушысы бірден бола қоймайды. В.В. Давыдов пікіріне сай, бұл қалыптасу, яғни мектеп өміріне ену бүкіл бастауыш кезеңі барысында жүзеге асады және мектепке дейінгі балалық шақтың сипат-ерекшеліктері бүкіл бастауыш мектеп кезеңін сипаттайтын болады. Баланың психологиялық қиындықтарға тап болуының алғышарттарының бірі, оның «әлеуметтік жаңа даму жағдайына» енуі, яғни ішкі жаңа бағыт-бағдарының өзгеруі. Мұның



барлығы баладан күрделі психологиялық қайта құрылуды талап етеді. Ал келесі бір қиындықтар түрі субъективті алғышарттар арқылы туындайды. Ол алғышарттар: бала-бақша мекемелеріне барып жүріп, барғысы келмеу ниеттерінің орнығуы; мектеп оқушысы болып қалыптасуды кешеуілдететін бірқатар жеке-дара ерекшеліктер, яғни тұйықтық, агрессивтілік, мазасыздық, ұқыпсыздық, т.б.

Адамның бейімделуі — адам экологиясындағы, сондай-ақ көптеген басқа пәндердегі (физиология, антропология, социология, медициналық география, этнография және т.б.) негізгі ұғымдардың бірі. Адамның жаңа ортаға бейімделуі — күрделі әлеуметтік-биологиялық процесс. Мұның негізінде организмнің қызметі мен жүйесі, сондай-ақ дағдылы мінез-құлқы жатады.

Орта сыныпқа келген кезінде балаға бірнеше мұғалімдер сабақ береді, сабақ кестесінің ауысуы, жаңа сыныптармен, жаңа мұғалімдермен қарым-қатынас жасау, ал біздің мектепте жатақханада тұрады, ал мұның барлығы оқушының оқу мотивациясына әсер етеді. Балада мазасыздық пайда болады, сенімсіздік қалыптасады, бастауышпен салыстырғанда сабақ оқуы нашарлайды, сыныптастарымен, мұғалімдермен қарым-қатынаста қиындық сезеді. Яғни, баланың пәндік оқуға бейімделу кезеңі сәтті өту үшін, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту, оларға жаңа сыныптастармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасауға көмектесу қажет.

Ол үшін төмендегі шарттарды ескеру қажет деп ойлаймын:

- 10-11 жастағы балалардың жеткіншек даму кезеңіне түскенін;

- оқушылардың оқуға танымдық дамуға, қарым-қатынастың дамуындағы психологиялық даму деңгейінің жоғарылауын;

- бейімделу кезеңінде кездескен сәтсіздікті қорытындылау және түзету жұмыстарын жүргізу.

Биылғы оқу жылына мен 5-сынып тәрбиеленушілерін алған соң, топтағы жұмысты атқаратын әріптестерімен бірлесе отырып, бейімделу процесін жасау үшін жоспар құрдық.

Жоспар (үлгі):

1. Танысу (сынып, ата-аналар, денсаулық туралы мәлімет, оқушылардың әлеуметтік жағдайлары және 4-сынып мұғалімдері жазған мінездеме, әр оқушының оқу үлгерімі);

2. Ата-аналар жиналысы;

3. Бейімделу кезеңі барысында сабақтарға бару;

4. Мектеп әкімшілігімен, пән мұғалімдерімен және мектеп психологымен кеңесу;

5. Тәрбие жоспарына бейімделу кезеңін қосу;

6. Мәдени орталықтарға танымдық экскурсиялар, кездесулер ұйымдастыру;

7. Мотивация ерекшеліктерін бақылау;

8. I жартыжылдық және жылдық бақылау нәтижесінде қорытынды шығару.

Әрине, жоспар құрған кезде мектептегі бейімделу кезеңі сәтті өту үшін ұйымдастыру тәрбие жұмыстарында төмендегі кезендерге көңіл аудару қажет деген ойдымын:

- 5-сынып оқушыларының пәндік бейімделу бағдарламасын мектеп педагогтары мен психологы жете зерттеу;

- әрбір сынып жетекшісінің 5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңіне жасаған бағдарламасы (бұл бағдарлама мектептің жылдық оқу жоспарын негізге ала отырып жасалынады);

- оқушылардың пәндік бейімделу кезеңіне жағдай жасау, оқу бағдарламасының 5-сынып оқушысы талабына сай болуы (әкімшілік, мектеп бұйрығы, сабақ кестесі, т.б.);



- басқа мамандарды (мысалы, дене тәрбиесі мұғалімдерді, үйірме менгерушілері, т.б.) 5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңінен өтуге көмектесуге жұмылдыру.

Пәндік бейімделу кезеңіне дайындықты 4-сыныптан бастау керек. Сонда оқушы орта мектеп жасына келгенде, пәндік бейімделу кезеңін сәтті өткізуге дайын болып келеді.

Пәндік бейімделу кезеңіне дайындықты 4-сыныптан бастау керек. Сонда оқушы орта мектеп жасына келгенде, пәндік бейімделу кезеңін сәтті өткізуге дайын болып келеді. Ерекше атап кететін жағдай, ол ата-аналардың көмегі мен қолдауы қажет. Төменде көрсетілген жадыма үлгісін оқу жылының басында таратамыз.

Ата-аналарға арналған жадынама:

- Балаңызға өзіңіз мектепте оқығаныңыз туралы әңгімелеп көңілің көтеріңіз;

- Сабақ үлгерімі, тәртібі, басқалармен қарым-қатынасы туралы үнемі мұғалімдермен әңгімелесіп отырыңыз;

- Сабақ үлгерімінің бағасын өзіңіздің жазалау немесе мақтаумен байланыстырмаңыз;

- Өз балаңыз оқитын мектептің ерекшелігін, бағдарламасын біліңіз;

- Үй жұмысын орындауға көмектесіңіз, бірақ өзіңіз орындамаңыз;

- Мектепте нені оқытатынына баланың қызығушылығын арттыруға көмектесіңіз;

- Мектеп өмірінде өзгеріс болып жатқанда, үйде бір қалыпты, жайбарақат атмосфера орнатуға тырысыңыз.

Мектеп психологымен бірлесе отырып, оқушылардан сауалнама алып, зерттеп, диагностика шығарамыз. Мысал ретінде «Оқу мотивациясын анықтау» тәсілі.

Нұсқау: бақбақ гүлінің суретін салып, әрбір күлтелеріне өтілетін сабақтарды жазындар. Тапсырма:

1. Ең қызықты өтетін, саған ұнайтын сабақты қызыл түспен боя;

2. Саған оқуға қиын пәнді көк түсті

көкпен боя;

3. Қызықсыз өтетін сабақты сары түспен боя;

4. Саған ұнамайтын сабақты қара түспен боя.

Екінші түрі «5-сынып оқушыларына арналған сауалнама» сұрақтары:

1. Саған мектеп өмірі ұнай ма?

2. Сен мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келе ме?

3. Егер мұғалім мектепке ертең барлығыңның келуің шарт емес, келгісі келетін оқушылар келсін десе, сен сабаққа келесің бе, әлде үйде қаласың ба?

4. Кейбір сабақтың болмай қалуы саған ұнай ма?

5. Сен үй тапсырмасын бермегенді қалайсың ба?

6. Сен сабақта үзілістің көп болғанын қалайсың ба?

7. Сен ата-анана мектеп жайлы көп айтасың ба?

8. Саған мұғалімнің қатал болғаны ұнай ма?

9. Сенің сыныпта достарың көп пе?

10. Саған сыныптастарың ұнай ма?

Барлық жұмысты қорытындылай келе мынадай қорытынды жасауға болады: мектеп неге көбірек мән берсе, оқушылардың да сол жақтағы қабілеті жетіле түседі: оқу барысында балаға қолайлы болуы керек. Өзіне сенімсіздік және қорқыныш сезімдері болмайды, мектеп барлық жағымен оған ұнайды;

- бала жеңіл түрде берілген тапсырманы тез арада орындауы тиіс. Егер мектеп қарапайым және дәстүрлі бағдарламада жүргенде, бала сабақ барысында қиындықтарға тап болған жағдайда, сынап-мінемей, басқа балалармен салыстырмай қолдау көрсете білу керек. Балалар әр түрлі болады. Егер сабақ барысы қиын болған жағдайда шет тілдерін қоса алып жүру балаға тым артық салмақ болады. Уақытында дұрыс жолға сала оң бағыт беру керек,



бұлай болмаған күнде денсаулығы сыр беруі мүмкін. Мұндай жағдайларда, баланы тереңдетілген сыныптан қарапайым сыныпқа ауыстырса өзін қолайлы сезінетін болады.

Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап балаға күш беріп, қолдау көрсете білсе, бала қалыптасып бейімделіп кетеді;

баланың өз бетінше жұмыс жасауы, тапсырманы аяқтап болған соң ғана ересектер көмегіне жүгінуі аса маңызды.

Ата-аналардың баланың орнына үй

тапсырмасын жасайтын кездері болады, бұл карама-қарсы әрекет, бұдан бала өзіне деген сенімсіздікті жоғалтады.

**Қамажай Мұхтарқызы
ИСМАГУЛОВА,**

Ы. Алтынсарин атындағы дарынды

балаларға арналған

мектеп-интернаты тәрбиешісі.

Қостанай қаласы



Зерттеу-жобалық әдіс арқылы оқушылардың шығармашылығын арттыру

Аңдатпа

Мақалада зерттеу-жобалық әдістің оқушылардың шығармашылығын, сыни ойлауын және зерттеушілік дағдыларын дамытудағы рөлі қарастырылады. Жобалық оқыту оқушылардың теориялық білімді тәжірибеде қолдануына мүмкіндік беріп, олардың танымдық белсенділігі мен функционалдық сауаттылығын арттырады.

Мысал ретінде 10-сынып физика пәніндегі «Изотермиялық процесс (Бойль-Мариотт заңы)» тақырыбы бойынша ұйымдастырылған шағын зерттеу жобасы ұсынылған. Жоба барысында оқушылар тәжірибе жүргізіп, деректер жинайды, өңдейді және алынған нәтижелерді талдайды. Сонымен қатар PhypHox, Google Sheets, Canva және жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімділігі көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері жобалық оқытудың оқушылардың дербестігін, шығармашылығын және пәнге қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін дәлелдейді. Бұл әдіс теориялық білім мен практиканы ұштастырудың тиімді жолы болып табылады.

Жобалық оқыту әдісі – педагогикадағы жаңа құбылыс емес. Оның философиялық тамыры ХХ ғасырдың басында америкалық философ, психолог және білім беру реформаторы Джон Дьюидің еңбектерінен бастау алады. Дьюи сол кездегі білім беру жүйесін қатты сынға алып, оның баланың табиғи қызығушылығы мен тәжірибесінен алшақ екенін айтты. Оның негізгі идеясы – «іс-әрекет арқылы оқыту» (Learning by Doing).

Бүгінгі таңда жобалық оқытудың тиімділігі көптеген зерттеулермен дәлелденген. Мысалы, АҚШ-тағы білім беру саласындағы беделді ұйым PBLWorks (бұрынғы Buck Institute for Education) жүргізген зерттеулердің мета-талдауы мынаны көрсетті:

- Жобалық оқыту әдісімен оқыған оқушылар стандартты тесттерде дәстүрлі әдіспен оқыған құрдастарына қарағанда жоғары нәтиже көрсетеді, әсіресе жаратылыс-



тану-ғылыми пәндер бойынша.

- Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау, мәселелерді шешу және ынтымақтастық дағдыларын дамытуда әлдеқайда тиімдірек.

- Ең бастысы, жобалық оқыту оқушылардың білімді ұзақ мерзімді есте сақтауын және оны жаңа жағдаяттарда қолдана білу қабілетін айтарлықтай жақсартады. Себебі білім нақты тәжірибемен, эмоциямен және нәтижемен байланыстырылады.

Осылайша, жобалық әдіс – жай ғана сәнді педагогикалық тренд емес, ол оқушының танымдық белсенділігін арттырып, терең әрі тұрақты білім қалыптастыратын дидактикалық тұрғыдан негізделген қуатты құрал болып табылады.

Қазақстанның білім беру бағдарламаларымен байланысы: Қазақстан Республикасында енгізілген Жаңартылған білім беру мазмұны дәл осы 4К дағдыларын дамытуға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және оқушыға бағытталған оқыту принциптерін енгізуге негізделген. Жобалық оқыту әдісі жаңартылған білім беру

мазмұнының мақсаттарын жүзеге асырудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады:

- Функционалдық сауаттылық: Жоба барысында оқушы физика заңдарын жай ғана жаттамай, оны нақты өмірлік мәселені (мысалы, құрылғы жасау) шешу үшін қолданады;

- Сыни ойлау: Гипотеза құру, тәжірибе нәтижелерін талдау, ықтимал қателіктерді іздеу – осының бәрі сыни ойлауды талап етеді;

- Оқушыға бағытталған оқыту: Оқушылар жоба тақырыбын, зерттеу әдістерін таңдауда белсенділік танытады, бұл олардың оқу үдерісіне деген жауапкершілігін арттырады.

Сонымен қатар, PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық зерттеуі оқушылардың жаттаған білімін емес, оны өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілетін бағалайды. Жобалық жұмыс – оқушыларды дәл осындай тапсырмаларға дайындаудың тікелей жолы. Осыған орай өзім 10-сынып оқушыларына физика пәнінен сабақ беретін болғандықтан, жобалық жұмысты ұйымдастырудың келесідей кезеңдері бар екендігіне тоқталғым келеді.

Кесте 1. Жобалық жұмысты ұйымдастырудың кезеңдері.

Кезең	Оқушының іс-әрекеті	Мұғалімнің рөлі (Фасилитатор-тәлімгер)
1. Бастама (мәселені анықтау)	Мұғалім ұсынған мәселелік аймақтан (мысалы, «Газ заңдары») нақты зерттеу сұрағын тұжырымдайды, жобаның мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін анықтайды.	Проблемалық жағдаяттар тудырады, зерттеуге болатын қызықты бағыттарды ұсынады, оқушыларға зерттеу сұрағын дұрыс тұжырымдауға көмектеседі.
2. Жоспарлау	Жобаның толыққанды жоспарын жасайды: зерттеудің теориялық негіздерін анықтайды, қажетті ресурстарды тізімдейді, тәжірибенің әдістемесін сипаттайды, ықтимал тәуекелдерді болжайды, жұмыс кестесін құрады.	Кеңесші ретінде әрекет етеді. Жоспардың логикалық және жүйелі болуын қадағалайды. Қажетті ақпарат көздеріне (кітаптар, ғылыми мақалалар, сайттар) сілтеме жасайды.
3. Іске асыру (зерттеу)	Теориялық материалды зерттейді, тәжірибені жүргізеді, өлшеулер жасайды, деректерді жинайды. Процесс барысында туындаған қиындықтарды шешеді.	Техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, зертханалық құралдармен жұмыс істеуге көмектеседі. Оқушының зерттеу барысын бақылап, қажет кезде бағыт беріп отырады.



4. Талдау және қорытындылау	Алынған деректерді өңдейді (кестелер, графиктер құрады), оларды теориямен салыстырады. Бастапқы гипотезаның расталғанын немесе жоққа шығарылғанын дәлелдейді. Негізделген ғылыми қорытындылар жасайды.	Коуч ретінде әрекет етеді. Деректерді талдаудың тиімді әдістерін ұсынады. Оқушыға қорытындыларын логикалық тұрғыдан дұрыс құруға көмектесетін жетекші сұрақтар қояды.
5. Таныстырылым (қорғау)	Зерттеу жұмысының нәтижелерін (презентация, постер, ғылыми есеп түрінде) рәсімдейді. Жұмысын аудитория алдында қорғайды, сұрақтарға жауап береді. Өз жұмысына және басқалардың жұмысына рефлексия жасайды.	Сарапшы және модератор. Қорғау процедурасын ұйымдастырады. Жұмысты алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалайды. Құрылымды кері байланыс береді.

Заманауи технологиялар жобалық оқытудың тиімділігін арттыратын қуатты құрал болып табылады. Олар оқушыларға нақты ғылыми зерттеулерде қолданылатын әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді.

1. Деректерді жинау және модельдеу:

о Phurphox: Смартфонды мобильді зертханаға айналдыратын тегін қосымша. Оның көмегімен қысымды, үдеуді, дыбыс жиілігін және т.б. өлшеуге болады. Бұл қымбат құралдарсыз-ақ жоғары дәлдікпен тәжірибе жасауға мүмкіндік береді;

о PhET Interactive Simulations: Колорадо университеті әзірлеген интерактивті симуляциялар. Олар қауіпті немесе мектеп зертханасында жасау мүмкін емес құбылыстарды (мысалы, атомның құрылысы, фотоэффект) көрнекі түрде зерттеуге мүмкіндік береді.

2. Деректерді талдау және визуализациялау:

о Google Sheets / MS Excel: Жиналған деректерді кестеге енгізуге, есептеулер жүргізуге, тәуелділік графиктарын тұрғызуға және тренд сызықтарын анықтауға арналған стандартты құралдар;

о Canva / PowerPoint: Зерттеу нәтижелерін кәсіби деңгейдегі ғылыми постер, инфографика немесе презентация түрінде көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

3. Идеяларды генерациялау және ақпаратты өңдеу:

о Жасанды интеллект (Gemini, ChatGPT): Бұл құралдарды зерттеудің бастапқы кезеңінде қолдану өте тиімді: зерттеу тақырыбын нақтылау, ғылыми гипотеза құрастыру, күрделі теориялық ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіру, зерттеу жоспарының құрылымын жасау. Маңызды: Мұғалім оқушыларға ЖИ-ді көмекші ретінде қолдануды және оның берген жауаптарын сыни тұрғыдан бағалау керектігін үйретуі қажет.

4. Ынтымақтастық және жобаны басқару:

о Google Docs: Топтық жобалар кезінде бір құжатта бірнеше оқушының бір уақытта жұмыс істеуіне, пікір алмасуына және бір-бірінің жұмысын өңдеуіне мүмкіндік береді;

о Trello / Miro: Жобаның кезеңдерін, тапсырмаларды және орындалу мерзімдерін визуалды түрде жоспарлауға арналған онлайн тақталар.

Осылайша, терең теориялық негіз, нақты құрылым және заманауи технологиялардың үйлесімі 10-сыныптағы физика сабағын оқушының ғылым әлеміне жасайтын қызықты саяхатына айналдыра алады.

Енді сабақ беру барысында өзім қолданып жүрген «Изотермиялық процесті (Бойль-Мариотт заңы) зерттеу» тақырыбындағы



практикалық шағын жобаның үлгісін қарастырсам. «Молекулалық физика» бөліміндегі газ заңдары көптеген оқушы үшін дерексіз формулалар жиынтығы болып көрінуі мүмкін. Бұл жобаның мақсаты – оқулықтағы $PV = \text{const}$ формуласын «тірілтіп», оның біздің қоршаған ортамызда, мысалы, кәдімгі медициналық шприцтің ішінде қалай жұмыс істейтінін өз көзімен көруге және өлшеуге мүмкіндік беру. Бұл зерттеу арқылы оқушылар теорияның практикамен тығыз байланысын сезінеді.

Оқушылар қарапайым құралдар мен смартфонды пайдалана отырып, тұрақты температурада газдың қысымы мен көлемі арасындағы кері пропорционал тәуелділікті тәжірибе жүзінде тексереді.

Әдіс пен мақсаттар:

Әдіс: Эксперименталды-зерттеу.

Оқыту мақсаттары:

- Идеал газ, изопроцестер, Бойль-Мариотт заңы ұғымдарын терең түсіну;

- Тәжірибені жоспарлау, деректерді жинау және кестеге енгізу дағдыларын дамыту;

- Алынған деректер негізінде график тұрғызу және оны талдау арқылы заңдылықты дәлелдеуді үйрену;

- Заманауи технологияларды (смартфонның қысым датчигі) физикалық экспериментте қолдануды меңгеру.

Қолданылатын бағдарламалар мен материалдар:

Бағдарламалық жасақтама:

o Rhyphox (тегін мобильді қосымша): Смартфонның ішкі барометрін пайдаланып, қысымды нақты уақыт режимінде өлшеу үшін;

o Google Sheets / MS Excel: Деректерді кестеге енгізу, есептеулер жүргізу және графиктер тұрғызу үшін;

o Canva: Нәтижелерді ғылыми постер немесе инфографика түрінде рәсімдеу үшін;

o Gemini / ChatGPT: Гипотеза құрастыру

және теориялық сұрақтарға жауап алу үшін.

Материалдар:

o Үлкен медициналық шприц (50-60 мл, герметикалық, ұшы тығыз жабылатын);

o Смартфон (Android немесе iOS);

o Ноутбук немесе компьютер.

Тапсырма: Тәжірибе жүзінде тұрақты температурада газ көлемі мен оның қысымы арасындағы кері пропорционалдық тәуелділікті дәлелдеу. $P(V)$ тәуелділігінің графигін тұрғызып, PV көбейтіндісінің тұрақтылығын тексеру.

Жобаны орындау барысы (Қадамдық нұсқаулық):

1-қадам. Гипотеза құру және теориялық дайындық (10 минут);

• Мұғалім оқушыларға зерттеу сұрағын қояды: «Егер газдың температурасы мен массасы өзгермесе, оның көлемін азайтқанда қысымы қалай өзгереді?».

• Gemini-ге арналған промпт (сұраныс): «Бойль-Мариотт заңын зерттеу жобасы үшін 10-сынып оқушысына түсінікті ғылыми гипотеза құрастыр. Газдың қысымы мен көлемі арасындағы байланысты сипатта».

<https://gemini.google.com/app/f7ca879e0a96ad44?hl=ru>



Сурет 1. Gemini-де промпт жазылған нұсқасы.

• Нәтиже: Gemini нақты гипотеза ұсынады: *Егер тұйық ыдыстағы газдың температурасы мен массасы тұрақты болса, онда оның көлемін азайтқанда қысымы кері пропорционал артады. Яғни, көлем неше есе кемісе, қысым сонша есе артуы керек.*



2-қадам. Тәжірибе қондырғысын дайындау және өлшеу (15 минут):

- Смартфонға Phyphox қосымшасын орнатып, «Pressure» (Қысым) режимін таңдаймыз. Қосымша экранда атмосфералық қысымды кПа (килопаскаль) бірлігімен көрсете бастайды;

- Шприцтің поршенін ең үлкен белгіге (мысалы, 50 мл) дейін тартып, ұшын саусақпен немесе арнайы тығынмен мықтап, герметикалық түрде жабамыз;

- Бастапқы өлшеу: Phyphox-та өлшеуді бастап (Play түймесі), атмосфералық қысымның тұрақтанған мәнін (P_1) жазып аламыз. Бұл 50 мл көлемге (V_1) сәйкес келеді;

- Кезеңдік өлшеулер: Поршенді ақырын басып, көлемді 45 мл-ге (V_2) дейін азайтамыз. Қысымның көтерілгенін және тұрақтанғанын күтіп, жаңа мәнін (P_2) жазып аламыз;

- Осылайша, көлемді әр 5 мл-ге азайта отырып (40, 35, 30, 25 мл), әрбір көлемге (V_3, V_4, V_5, V_6) сәйкес қысым мәндерін (P_3, P_4, P_5, P_6) өлшеп, кестеге толтырамыз.

3-қадам. Деректерді талдау және визуализациялау (15 минут):

- Оқушылар Google Sheets-те келесідей кесте құрады және өлшеу нәтижелерін енгізеді. Көлемді ХБЖ-ға (m^3) айналдыру маңызды ($1 \text{ мл} = 10^{-6} m^3$).

Кесте 2.

Google Sheets-те құрылатын кесте.

№	Көлем, V (мл)	Көлем, V (m^3)	Қысым, P (кПа)	Қысым, P (Па)	$P * V$ (Дж)	$1/V$ (m^{-3})
1	50	$50 * 10^{-6}$
2	45	$45 * 10^{-6}$
...

- Есептеулер: Кестедегі формулаларды пайдаланып, $P * V$ және $1/V$ бағандарын тол-

тырады. $P * V$ мәндерінің шамамен бірдей болуына назар аударады.

- График тұрғызу:

1. $P(V)$ тәуелділігі: X осіне V (m^3), Y осіне P (Па) мәндерін алып, график тұрғызады. Бұл график гипербола болуы тиіс;

2. $P(1/V)$ тәуелділігі: X осіне $1/V$ (m^{-3}), Y осіне P (Па) мәндерін алып, график тұрғызады. Бұл график координаталар басынан өтетін түзу сызық болуы керек, бұл кері пропорционалдың ең айқын дәлелі.

4-қадам. Қорытынды және рәсімдеу (5 минут):

- Оқушылар Canva-да ғылыми постер жасайды. Онда жобаның мақсаты, гипотезасы, тәжірибе қондырғысының суреті, нәтижелер кестесі, екі график және қорытынды қамтылуы тиіс. Қорытындыда гипотезаның расталғаны және PV көбейтіндісінің неліктен аздап өзгергені (өлшеу қателіктері, температураның аздап өзгеруі) туралы жазылады.

Кесте 3. Бағалау дескрипторлары:

Бағалау критерийі	Төменгі деңгей (1-4 балл)	Орташа деңгей (5-7 балл)	Жоғарғы деңгей (8-10 балл)
Физикалық тұжырымдамаларды түсіну	Бойль-Мариотт заңының мағынасын түсіндіре алмайды.	Заңның негізгі идеясын түсінеді, бірақ кері пропорционалдық тәуелділікті толық түсіндіре алмайды.	Изотермиялық процесті, Бойль-Мариотт заңын толық түсінеді және оны МКТ тұрғысынан түсіндіре алады.
Зерттеу дағдылары	Тәжірибені жоспарлай алмайды, деректерді жинауда өрескел қателер жібереді.	Тәжірибені мұғалімнің көмегімен орындайды, бірақ $P(V)$ графигін талдауда қиналады.	Тәжірибені дербес жүргізеді, деректерді дәл жинап, $P(V)$ және $P(1/V)$ графиктерін дұрыс тұрғызып, оларды талдай алады.



Технологияларды қолдану	Phyphox, Google Sheets сияқты құралдарды қолдана алмайды.	Бір құралды (мыс., тек Phyphox) қолданады, бірақ деректерді өңдеу үшін заманауи құралдарды пайдаланбайды.	Phyphox, Google Sheets және Canva-ны өз мақсаттарына сай тиімді қолданады.
Қорытынды және презентация	Зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды жасай алмайды.	Қарапайым қорытынды жасайды, бірақ оны графиктермен толық негіздей алмайды.	Тәжірибе нәтижелеріне сүйеніп, гипотезаны растайтын, сондай-ақ ықтимал қателіктерді талдайтын негізделген қорытынды жасайды.

Бұл жоба оқушыларға дерексіз газ заңын көзбен көріп, қолмен ұстауға мүмкіндік береді. Олар ғылыми әдістің барлық кезеңдерінен өтеді: гипотезадан бастап, тәжірибе, деректерді талдау және қорытынды жасауға дейін. Смартфонды ғылыми құрал ретінде пайдалану олардың технологияға деген көзқарасын өзгертіп, оның тек ойын-сауық үшін емес, ғылым үшін де маңызды екенін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (19.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістері мен толықтыруларымен). – Алматы: ЮРИСТ, 2022. – 46 б.

2. Білім туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістері мен толықтыруларымен). – Мәтін: электронды // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.

3. Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы.

4. Дьюи, Дж. Демократия и образование / Дж. Дьюи ; ағыл. ауд. – М.: Педагогика-Пресс, 2000. – 384 б.

5. Заир-Бек, С. И. Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителей общеобразоват. учреждений / С. И. Заир-Бек, И.В. Муштавинская. – М. Просвещение, 2011. – 223 б.

6. Мякишев, Г. Я. Физика: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық (жаратылыстану-математикалық бағыт) / Г.Я. Мякишев, Б.Б. Буховцев, Н.Н. Сотский. – Алматы: Мектеп, 2019. – 416 б.

7. Башарұлы, Р. Физика және астрономия: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Р. Башарұлы, Д. Қазақбаева. – Алматы: Мектеп, 2019. – 240 б.

8. Полат, Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Е.С. Полат. – М.: Академия, 2008. – 272 б.

9. Kilpatrick, W. H. The Project Method / W. H. Kilpatrick // Teachers College Record. – 1918. – Vol. 19, No. 4. – P. 319-335.

10. PhET Interactive Simulations: ресми сайт [Электрондық ресурс]. – URL: <https://phet.colorado.edu/> (жүгінген күн: 15.02.2026).

11. Phyphox: Your Smartphone as a Mobile Lab: ресми сайт [Электрондық ресурс]. – URL: <https://phyphox.org/> (жүгінген күн: 15.02.2026).

**Жулдызай Мейрамбековна
НАЗАРОВА,**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Бейіндік мектебінің физика пәні
мұғалімі.**

Алматы қаласы



Цифровая платформа как способ развития навыка написания эссе-рассуждения

Аннотация

В данном исследовании рассматривается вопрос, связанный с развитием навыка написания аргументативного эссе-рассуждения. Целью исследования выступило выявление и анализ затруднений семиклассников при выполнении заданий на создание связного текста-рассуждения в рамках уроков русского языка, с особым вниманием к формированию убедительных аргументов в защиту собственной позиции. Проведён анализ эссе-рассуждений учащихся 7 класса; собраны и систематизированы типичные ошибки, отражающие частоту и характер затруднений при построении аргументации и связности высказывания. Как выяснилось, основная трудность состоит в формулировании и развитии убедительных аргументов: учащиеся часто приводят общие, недостаточно доказательные примеры, плохо соотносят контраргументы и выводы, совершают логические скачки и теряют тематическую связность. Менее значимыми, но распространёнными являются ошибки в структуре эссе (нечёткое деление на тезис, аргументы, вывод) и в оформлении языковых средств связи. Полученные данные указывают на ключевые зоны педагогического вмешательства: целенаправленная работа над навыками аргументации, моделирование логической структуры рассуждения и упражнения на согласование тезиса с доказательствами помогут повысить качество письменных работ и критическое мышление учащихся. Результаты пригодны для разработки методических материалов и учебных заданий по русскому языку в средней школе, для подготовки программ по развитию навыков письменной аргументации. Предложенное исследование дополняет существующие наработки эмпирическими данными по конкретной возрастной группе (7 класс) и предлагает визуализацию типичных ошибок, удобную для использования в практике учителя.

Ключевые слова: текст, эссе-рассуждение, аргументация, цифровой инструмент, логика.

Ключевой идеей современного казахстанского образования является подготовка конкурентоспособной личности, готовой к обучению на протяжении всей жизни. Поэтому главный акцент в обучении школьников делается на развитии навыков XXI века, включающих критическое мышление,

коммуникацию, сотрудничество, креативность, цифровую грамотность и др. Это значит, что образовательный процесс должен быть нацелен на формирование способности добывать знания, применять их на практике, работать в команде, понимать цели своего обучения и успешно достигать их.



На уроках русского языка особую трудность вызывают задания на развитие навыков высокого порядка. В первую очередь, это создание связных текстов-рассуждений. Анализ эссе-рассуждения в 7 классе показал, что учащиеся испытывают затруднения, в основном, в формулировании убедительных аргументов для доказательства своей позиции. Типичные ошибки при написании эссе-рассуждения представлены в виде диаграммы (Рис.1)

Типичные ошибки в эссе



Рис. 1. Анализ эссе-рассуждения в 7 классе

Как показывает практика для того, чтобы сформировать у учащихся навыки написания эссе-рассуждения необходима не только эффективная обратная связь учителя, но и самостоятельная подготовка. Учитывая разнообразие цифровых инструментов, работающих на основе искусственного интеллекта, нетрудно предположить, что учащиеся воспользуются сервисами, предлагающими готовые эссе. Это создает новую педагогическую проблему – зависимость от сгенерированных решений, при котором навыки создания собственного эссе-рассуждения, критического

мышления, анализа и аргументации практически не развиваются. Отсюда возникает два противоречия: с одной стороны, технологии дают огромные возможности для обучения, с другой – неосознанное использование ИИ снижают самостоятельность учащихся.

Поэтому в сотрудничестве с учителем информатики и учащимся 7 класса в рамках подготовки к конкурсу научных проектов была начата работа над созданием цифрового инструмента, направленного на развитие навыков аргументации и улучшение качества написания эссе-рассуждения. Особенность платформы в эффективной обратной связи, позволяющая указывать на ошибки, не предлагая готовый ответ.

Работа над созданием платформы заключалась в обучении сервиса Gemini распознаванию фото рукописного эссе, пониманию дескрипторов к заданию, конструированию структурированной и подробной обратной связи. В качестве визуального конструктора был использован сервис Flowise, поддерживающий множество интеграций.

Цифровой инструмент работает следующим образом: учащийся загружает фото своего рукописного эссе, дескрипторов к заданию, после сервиса предлагает автоматический анализ. Получив обратную связь, пользователь может устранить ошибки в эссе и отправить работу на повторную проверку. Проверка и результат проверки представлены на рисунках (Рис.2).




Рис. 2. Результаты проверки

Данный инструмент имеет педагогическую ценность. Во-первых, учащиеся получают подробную обратную связь после каждой проверки, не дожидаясь ответа учителя. Во-вторых, развивается самостоятельность учащегося благодаря анализу собственных ошибок, подробному разбору.

В перспективе данного проекта входят дополнение программы режимом тренировки, шаблонами готовых ар-

гументов или конструкторов, а также подробной аналитикой для учителей.

**Диана Амангельдиевна
НУРМУКАНОВА,
Камила Кайратовна КУСАИНОВА,
учителя Назарбаев Интеллектуальной
школы естественного-математического
направления
г. Петропавловска**



Встреча в литературном кафе «Родина», посвященный творчеству С.А. Есенина

Цель урока: рассказ о творчестве поэта; расширить сведения о его деятельности из дополнительных источников; развитие устной связной речи учащихся; воспитать любовь к Родине, к родной земле, к матери.

Оборудование: иллюстрации; портреты; книжная выставка; магнитная запись: «Уголок России», «Родительский дом», «Матери».

Ход урока:

I. Организационный момент.

II. Объяснение цели и задачи урока.

III. Вступительное слово.

С. Есенин — большой художник, слава нашей поэзии. Он прожил недолгую

жизнь, но сумел оставить много прекрасных стихов. С. Есенин рассказал нам о своей нежной любви к Родине, к людям, ко всему живому на земле. Он хорошо знал жизнь и быт своего народа, его радости и заботы. Во многих проникновенных стихах Сергей воспел свой родной край — Рязанщину.

У каждого из нас в душе свой образ великого поэта и человека Сергея Есенина. Всем нам дорого то, что сердцевину всей поэзии Есенина составляет чувство Родины.

Каждый раз обращаясь к его поэзии, испытываешь такое чувство, словно душой ты прикоснулся к живой красоте



его родного края, села Константинова. Этот скромный уголок бесконечно дорог и близок всем, здесь прошли его детские годы.

Раздольные рязанские просторы, напоенные пряными ароматами полевых трав и цветов, солнечные светлые рощи, где березы стоят, как большие свечи.

Где бы ни жил Есенин, его сердце всегда тянулось к родному родительскому уголку.

IV. Звучит песня «Уголок России».

V. У нас сегодня в литературном кафе собрались самые близкие и дорогие сердцу Сергея люди.

Входит С.А. Есенин. Рассказ о себе;
Дополняют о нем:
Детство поэта.

Начало творчества. Тема любви к Родине.

Тема деревни у Есенина.

Хочу я быть певцом и гражданином;

Входит мать — Татьяна Федоровна;

Дополняют рассказ матери: Представитель казахстанской интеллигенции — Иван Шухов. Выпускник школы.

VI. Звучит песня «Матери».

Входит Айседора Дункан, царица жеста;

Дополняют сведения о ней — учитель и выпускница;

Входит Шагандух Нерсесовна Тальян, звучит стихотворение «Шаганэ»;

Входит Александр Блок;

Дополняют рассказ: О дружбе двух поэтов. Стихотворение Блока;

Входит Петр Иванович Чагин;

Дополняют: Последние дни в Баку. Стихотворение «Прощай, Баку!»;

Входит Анна Снегина;

Входит В. Эрлих. Рассказ о последних четырех днях и стихотворение «До

свиданья, друг мой, до свиданья...»;

Выступление учителя;

Дорогие, ребята! Лирика Есенина — живой источник русской поэзии, любви к родной природе, к родному слову; душевного благородства и нежности, высокого патриотизма. Поэтому смерть поэта тяжело отозвалась в сердце каждого, кто любил и гордился им. Ушел из жизни поэт, воплотивший в себе столько общей человеческой доброты и сердечного тепла, которого ныне так не хватает на нашей планете. Из далеких двадцатых годов Есенин незримо шагнул в наши дни и дальше — в будущее.

Нивы сжаты, рощи голы,

От воды туман и сырость.

Колесом за сини горы

Солнце тихое скатилось.

Дремлет взрытая дорога.

Ей сегодня примечталось,

Что совсем — совсем немного

Ждать зимы седой осталось.

Ах, и сам я в чаше звонкой

Увидал вчера в тумане:

Рыжий месяц жеребенком

Запрягался в наши сани.

Сегодня поклонники поэзии Есенина подготовили поэтический венок любимому поэту. Они прочитают стихи, посвященные Сергею Есенину:

В. Маяковский. «Сергею Есенину»;

М. Макатаев. «С. Есенинге»;

Петр Орешин. «Песня отзвенела»;

Сергей Городецкий. «Ты был мне сыном»;

Михаил Герасимов. «Есенин — нежное имя»;

Марина Цветаева. «И не жалость»

VII. Я хочу предложить нашим учителям спеть песню «Не жалею, не зову, не плачу».



VIII. Вот и подходит к концу наша встреча. Желаю всем вечной красоты и вечной гармонии мира.

Нежно и заботливо, без какого-либо внешнего зажима, поэзия врачует людские души, снимая напряжение неминуемых земных перегрузок. Остановитесь хотя бы на мгновение, оторвитесь от вашей суеты сует, посмотрите вокруг себя, на окружающий мир земной красоты, послушайте шелест луговых трав, песнь ветра, голос речной воды, посмотрите на утреннюю зарю, возвещающую рождение нового дня, на звездное ночное небо.

Хочу прочесть стихотворение:

Если жизнь проходит без следа,
В низости, в неволе, что за честь?

Лишь в свободе жизни красота

Лишь в отважном сердце вечность

есть.

Если кровь, творя за родину лилась,
Ты в народе не умрешь Сергей.

Кровь предателя струится в грязь.

Кровь отважного в сердцах, Сергей.

Умирая, не умрет поэт

Лирика останется в веках.

Поэзию прославил ты Сергей,

Чтоб она не молкла на устах.

IX. Заключительное слово.

Оценка знаний учащихся.

X. Задание на дом: написать заметку о сегодняшнем уроке.

Айжан ДАУЛЕТБАКОВА,
преподаватель **Жаркентского**
педагогического колледжа.
г. **Жаркент,**
Жетысуская область



Физикалық шама. Шамаларды өлшеу

Мақсаты: негізгі физикалық шамалармен жұмыс істеу, физикалық мағынасын ашу; оқушыларға өлшеудің метрлік жүйесін түсіндіріп, халықтардың қолданатын өлшеулер жүйесімен таныстыру; Оны техникада, тұрмыста қолдану маңызын білу; оқушыларды сауатты азамат болуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу:

Көрнекілігі: оқулықтар, сурет, физикалық құрал.

Түрі: дәстүрлі, жаңа тақырыпты меңгерту сабақ.

Барысы:

I. Ұйымдастыру.

Оқушыларды түгелдеу, журнал толтыру, оқушылардың дәптерлерін, оқулықтарын қарап шығу;

Сынып, тақта, парта тазалығын қарап

шығу, қажет болса ескертулер жасау.

Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Жаңа сабақ

Физика нені зерттейді?

Физиканың ұстазы?

Физика және техника байланысы қандай?

Астрономия пәні нені зерттейді?

Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістер.

III. Жаңа сабақ түсіндіру.

Физикалық шама — физикалық нысандардың немесе құбылыстардың қасиеттерін сандық сипаттамаларын айтады.

Физикалық шаманың өлшем бірлігі — метр, градус.




Физикалық шаманы өлшеу – оны өлшем бірлік ретінде алынған біртекті басқа шамамен салыстыру.

Ертеден бастап әр ел әр түрлі өлшемдер қолданып келеді. Мысалы: қазақ елінің өзі: қарыс, елі табан, құлаш, шақырым, өлшеулер жүйесін қолданған.



Бір білек-білектен саусаққа дейінгі аралық.



Бір қарыс – бас және сұқ саусақтарды ашқандағы олардың арақашықтығы.



Бір құлаш – екі қолды екі жаққа созғанға тең, ол 2,5 аршынға тең.



Дюйм (2,54 см) – үлкен саусақтың өлшемі.



Фут (30 см) – адамның бір адымының орташа ұзындығы...

Сабакты бекіту. §1 сұрақтарын талдау. №1 эксперименттік тапсырма.

Сынып жұмысы. Тапсырмаларды дәптерге орындау.

Тапсырма №1.

Берілген сөзді қолданып кестені толтыр: күн, желімнің кебуі, термометр, шыны пробирка, сызғыш, уақыт, мензурка, жез, қардың еруі, ұзындық, найзағайдың жарқылдауы, доптың құлауы, судың жылуы, сағат.

Дәре	Зат	Физикалық шама	Құбылыс	Құрал

Тапсырма №2

Физикалық шама	Белгіленуі	Өлшем бірлігі	Өлшеуіш құрал

Тапсырма №3. Жұмыс дәптерімен жұмыс істеу. 3-жаттығу.

Үйге тапсырма беру.

Сәуле Сағындыққызы ЕРКАШОВА,
Ақтау орта жалпы білім беретін
мектеп-балабақшасының
физика пәні мұғалімі.
Ақтау ауылы,
Тасқала ауданы,
Батыс Қазақстан облысы